Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusia künı qūtty bolsyn!

# Жетісу шұғыласы

Ескелді би

№34 (8922)
жұма 26 тамыз
2022 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

## ПРЕЗИДЕНТ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



***Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен кеңестің күн тәртібінде еліміздің 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының болжамы, сондай-ақ 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасына қатысты мәселелер қаралды.***

Кеңеске Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің басшысы Мұрат Нұртілеу, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов, Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Тимур Сүлейменов, Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунова және Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров қатысты.

Премьер-Министр ұсынған макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша 2022 жылы жалпы ішкі өнімнің нақты өсімі 3 пайыздан кем болмайды. Ал 2023 жылы 4 пайызға жетеді.

Президент ұсынылған әлеуметтік-экономикалық даму болжамының тепе-теңдігін атап өтті. Үкіметтің деректеріне сәйкес, жалпы ішкі өнімнің номиналды өсімі биылғы 103,6 триллион теңгеден 2023 жылы 120,7 триллион теңгеге дейін жетеді деп болжанып отыр. Болжам бойынша келесі жылы салық түсімдерінің артуы есебінен бюджеттің кіріс бөлігі 10,5 триллион теңгеден 13,5 триллион теңгеге дейін ұлғаяды.

Республикалық бюджет жобасының оң аспектісі ретінде Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттердің 2022 жылғы 4 триллион теңгеден 2023 жылы 2,2 триллион теңгеге дейін күрт төмендеуін айтуға болады. Макроэкономикалық тұрақтылыққа шикізаттық емес дефициттің 2023 жылы 8,3 пайыздан 6,8 пайызға дейін төмендеуі де оң әсер етеді.

Жиын соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет назарын тағы да қаржыны тиімді жоспарлау мен үлестіру қажеттілігіне аударды. Жалпы алғанда, Президент Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының ұсынылған болжамын және 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын кеңес барысында талқыланған мәселелерді жетілдіруді ескерте отырып, қолдады.

**akorda.kz**

## ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ӘРБІР ӨҢІР БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТУ ҮШІН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУДІ ТАПСЫРДЫ

***ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды, деп хабарлайды primeminister.kz.***

Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Серікқали Брекешев «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасының негізгі мақсаты атмосфералық ауаның ластануын азайту, қалдықтарды, су ресурстарын және орман шаруашылығын басқару жүйесін жетілдіру екенін атап өтті.

2021 жылы 16 кәсіпорын атмосфералық ауаға шығарған ластаушы заттар мөлшері 3%-ға азайған, ал 2022 жылдың 6 айында өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,7%-ға төмендеді. Бұл көрсеткішке табиғаты қорғау іс-шараларымен қатар, өнеркәсіпті модернизациялау есебінен қол жеткізілді.

Сонымен қатар 3005 полигонның 639-ы экологиялық нормаларға сәйкес келтірілді. Бөлек жинау үшін 3876 контейнер орнатылды. Нұр-Сұлтан қаласында құрылыс қалдықтарын жинауға және өңдеуге арналған алаң салынды. Павлодар облысында «Былқылдақ» көлі аумағының ластануын оқшаулауға бағытталған іс-шаралар өткізіліп жатыр.

Сондай-ақ каналдарды, соның ішінде Балқаш көлінің бассейнінде жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Сырдария өзенінің 50 шақырымы тазартылды. 22 арнаның су есебі цифрланды. Осы шаралар Балқаш көліне шамамен 12 текше километр су ағымын қамтамасыз етті, Солтүстік Арал теңізінің көлемі 20,6 текше километр деңгейінде сақталып, суару кезінде су шығыны 200 млн текше метрге қысқартылды, көлемі 230 млн текше метрге су қосымша жинақталды.

2-бет

## АУДАН ӘКІМІ ЕЛДОС АХМЕТОВ ОБЛЫСТЫҚ БАҚ ӨКІЛДЕРІ МЕН АУДАН БЛОГЕРЛЕРІ ЖӘНЕ ТІЛШІЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН БРИФИНГ ӨТКІЗДІ



***Аудан әкімі Елдос Ахметов облыстық БАҚ өкілдері мен аудандағы блогерлермен және де тиісті мемлекеттік мекемелердің мамандарымен брифинг өткізді. Кездесуге «Жетісу» телеарансы тілшісі Г.Масимханқызы, Karabulaksity әлеуметтік желісінің админі Д.Буканова, eskeldinec_insta әлеуметтік желісінің админі Р.Хамзин, qarabulaq_insta әлеуметтік желісінің админі А.Шарипова барлығы 20 жуық адам қатысты.***

Аудан әкімдігінің әлеуметтік желісі мен блогерлердің әлеуметтік желілерінен де тікелей эфирлер қосылды. Оған аудан тұрғындары қосылып көрді. Брифингте күнделікті өмірдегі өзекті болып тұрған «Мектепке жол» акциясы мен жылыту маусымына дайындық туралы 8 сұрақ қойылып, жауаптары алынды. Оның 5-уі жылыту маусымына, 3-уі мектепке жол акциясына қатысты сұрақтар.

Кездесу соңында БАҚ өкілдері мен аудандағы блогерлер қысқы жылыту маусымына дайындығын сұрап, сапалы білім беру жолындағы ұсыныстарын жеткізді.

**Ескелді ауданы әкімінің баспасөз қызметі**

**Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары сіздерді 30.08.22 ж. сағат 10.00 Қарабұлақ ауылы орталық алаңға салтанатты жиынға шақырамыз!**



### Қадірменді жерлестер, Ескелді ауданының тұрғындары!

Сіздерді мәртебесі биік мемлекеттік мереке – Конституция күнімен ізгі ниетпен құттықтаймын!

Еліміздің өркендеу жолында қабылданған Ата-Заңымыздың айбыны асқақ, тұғыры биік, ғұмыры ұзақ болсын! Қазақстан Республикасының болашағы баянды, келешегі кемелді болсын деген жүрекжарды тілегімді білдіремін.

Қымбатты жерлестер! Тәуелсіз еліміздің мерейін асырып, абыройын асқақтататын қай істе де бар-шаңызға толағай табыстар тілеймін! Шаңырақтары-ңызға шаттық орнап, көк байрағымыз көгімізде мәңгі желбіресін!

**Елдос АХМЕТОВ, аудан әкімі.**

### Уважаемые земляки, жители Ескельдинского района!

Поздравляю вас с одним из самых значимых для страны праздником – Днем Конституции Республики Казахстан! Конституция Казахстана считается самым главным законом, символом созидания и залогом суверенитета.

Желаю всем мира и добра, успеха и процветания в деятельности. Пусть ваша жизнь будет достойной, а судьба нашего независимого государства величественной! Пусть процветает наша прекрасная страна! Здоровья вам и вашим близким!

**Елдос АХМЕТОВ, аким района.**




### Қымбатты ұстаздар, оқушылар, қадірменді ата-аналар!

Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен зор ілтипатпен құттықтаймын! Жаңа оқу жылы толағай табыстарға, жаңа жетістіктерге толы болсын. Келешектің алтын тұтқасы жас ұрпақтың қолында.

Қымбатты оқушылар оқу жылына бастау болар айтулы күн сіздерге ерекше көңіл-күй, оқуда шабыт сыйласын.

Ардақты ұстаздар қауымы жас ұрпақты тәрбие-леу жолындағы еңбектеріңіз еселене берсін. Барлы-ғыңыздың көздеген мұрат-мақсаттарыңыз бен арман-тілектеріңіз орындалып, биіктен көрініңіздер!

**Елдос АХМЕТОВ, аудан әкімі.**

### Дорогие учителя, ученики, уважаемые родители!

От всей души поздравляю вас с сегодняшним Днем знаний и началом нового учебного года! Желаю, чтобы новый учебный год был наполнен яркими успехами, новыми достижениями и великолепными открытиями.

Дорогие ученики желаю, чтобы вас ждали огромные успехи, хорошие оценки и много радостных эмоций! Учитесь, развивайтесь! Ведь будущее нашей страны в ваших руках!

Уважаемые учителя хотим пожелать вам приятных и радостных рабочих дней и отличного настроения!

Успехов вам, удачи и замечательных результатов!

**Елдос АХМЕТОВ, аким района.**

# ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ӘРБІР ӨҢІР БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТУ ҮШІН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУДІ ТАПСЫРДЫ

Басы 1-бетте.

Премьер-Министр қоршаған ортаны жақсарту үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ірі кәсіпорындарда эмиссиялар мониторингінің автоматты жүйесін енгізу қажеттілігі туралы норма күшіне енетінін еске салып өтті.

*«Аталған шара әрбір кәсіпорынның зиянды қалдықтары туралы жедел әрі шынайы ақпарат алуға бағытталған. Сондай-ақ бұл норма кәсіпорындарға мониторинг жүргізіп, атмосфераға шығатын зиянды қалдықтар деңгейі асып кеткен жағдайда жедел шаралар қолдануға мүмкіндік береді. Экология министрлігіне жүйені енгізуді ерекше бақылауға алуды тапсырамын»,* — деді Әлихан Смайылов.



Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 5 жыл ішінде 2 млрд түп ағаш отырғызу туралы ауқымды жоба іске асырылып жатыр. 2021 жылы 66 мың гектар алаңға шамамен 138 млн ағаш отырғызылды. Алайда, биыл Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарында қаржыландыру аз болғандықтан, жоспарлы көрсеткіш орындалмай қалуы мүмкін.

*«Өңірлердің әкімдіктері Қаржы министрлігімен бірлесіп, осы мәселені пысықтасын»,* — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы өткен жылдан бері экологиялық төлемдер экологиялық ахуалды жақсарту шараларына бағытталуы тиіс деген норма қолданылып жатқанын атап өтті.

*«Ол үшін Экология министрлігі әкімдіктермен бірге әрбір өңір бойынша экологиялық жағдайды жақсарту үшін іс-шаралар жоспарын әзірлеуі керек»,* — деді Әлихан Смайылов.

Премьер-Министр Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Қаржы, Экология, геология және табиғи ресурстар министрліктеріне ірі елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын салу үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге қаражат бөлу мәселесін пысықтауды тапсырды.

# КАЗАХСТАН ПОЛНОСТЬЮ ОБЕСПЕЧИТ СЕБЯ ЗЕРНОМ ЗА СЧЕТ НОВОГО УРОЖАЯ

***Поручения по подготовке к уборочной кампании и кормообеспечению дал Премьер-Министр РК Алихан Смаилов в ходе заседания Правительства.***

Министр сельского хозяйства Ербол Карашукеев сообщил, что в рамках работы по обеспечению сельхозживотных кормами посевные площади кормовых культур были увеличены на 448,1 тыс. га, выделены средства на субсидирование приобретения кормов, увеличен уставной капитал Продкорпорации для закупа фуражного зерна, до 1 октября продлено действие квот на вывоз пшеницы с территории РК.

Кроме того, разработана и утверждена Дорожная карта по развитию отрасли кормопроизводства на 2022-2025 годы, которая содержит системные меры по каждому региону.

Министр также доложил, что массовый сбор урожая начат во всех регионах республики. На сегодняшний день всего убрано 2,2 млн га зерновых и зернобобовых культур (13,9%), при средней урожайности 14,6 ц/га намолочено 3,3 млн тонн зерна. Общая уборочная площадь сельскохозяйственных культур в текущем году составила 23,4 млн га, что на 387,1 тыс. га больше по сравнению с 2021 годом.

Ожидаемый объем валового сбора зерна с учетом переходящих остатков достаточен для полного обеспечения внутренней потребности республики, а также реализации определенных объемов зерна на экспорт и сохранения торговых позиций на традиционных рынках.

По данным министра энергетики Болата Акчулакова, в этом году на осенне-полевые работы выделено 423,5 тыс. тонн дизельного топлива. В июле отгружено 106,6 тыс. тонн, в августе оплачено за 148,2 тыс. тонн, отгружено – 87,4 тыс. тонн.

Поставка дизельного топлива сельхозтоваропроизводителям с нефтеперерабатывающих заводов осуществляется на приоритетной основе. Цены для них ниже розничных на 15-25% в зависимости от региона.

Заслушав выступающих, Премьер-Министр отметил, что погодные условия в целом благоприятны для кормозаготовочных работ. Вместе с тем в Мангистауской и Атырауской областях идет отставание от графика.

«Этим регионам необходимо активизировать данную работу», — подчеркнул Алихан Смаилов.

Премьер-Министр добавил, что Правительством приняты все необходимые меры по финансовому и материально-техническому обеспечению уборочных работ.

*«Согласно прогнозу, в текущем году сбор урожая ожидается выше среднегодовых показателей. В этой связи главная задача Министерства сельского хозяйства и акиматов – своевременное и качественное проведение уборки»,* — отметил Алихан Смаилов и поручил обеспечить готовность элеваторов к приемке и хранению урожая.

Кроме того, министерствам сельского хозяйства, индустрии и нацкомпании «КТЖ» совместно с акиматами регионов поручено провести работу по обеспечению подвижным составом и решению вопросов логистики.

Министерству сельского хозяйства совместно «Продовольственной контрактной корпорацией» глава Правительства поручил принять меры по своевременному формированию запасов кормов на зимний период с сохранением стабильных цен на них.

Отдельное внимание Алихан Смаилов обратил на вопросы обеспечения дизельным топливом. В рамках этой работы первому заместителю Премьер-Министра Роману Скляру поручено создать под своим руководством постоянно действующую комиссию по контролю за ценами и недопущению нехватки ГСМ.

*«Министерству нацэкономики совместно с Агентством по защите конкуренции и акиматами в случае необоснованного повышения цен нужно обеспечить принятие соответствующих мер реагирования. Министерству индустрии, «КазМунайГазу» и КТЖ необходимо принять меры по обеспечению своевременной отгрузки нефтепродуктов с НПЗ»,* — сказал Алихан Смаилов.

Также министерствам цифрового развития и энергетики поручено ускорить внедрение информационной системы по контролю суточных лимитов отпуска дизтоплива и Министерству энергетики совместно с акиматами регионов – держать на постоянном контроле вопрос своевременного обеспечения аграриев горюче-смазочными материалами.

**primeminister.kz**

# МЕКТЕПКЕ ЖОЛ АКЦИЯСЫ

***Ескелді ауданы білім бөлімі бойынша 2022 жылға жалпыға бірдей білім беру қорынан 47 760 000 теңге бөлінді. Аудан бойынша халықтың әлеуметтік осал топтарынан (жетім, АӘК алатын отбасылардан, көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан) балалар саны 1277 құрайды. Осы санаттағы балаларға баға ұсыныстары тәсілімен порталда жалпы сомасы 10 291 000 теңгеге мектеп рюкзактары мен кеңсе тауарлары сатып алынды. 1 қыркүйекке дейін тауарлар толық таратылады. Сондай-ақ, осы санаттағы балаларды қысқы киіммен қамтамасыз ету үшін 37 469 000 теңгеге қысқы күртешелер сатып алуға конкурс жарияланады.***

2022 жылдың 01 тамызы мен 25 тамызы аралығында әлеуметтік осал топтағы 610 оқушыға 4 568 820 тенге көлемінде мектеп ұжымдарының, демеуші-кәсіпкерлердің, сауда үйлерінің басшыларының көмегімен киім -кешек, мектеп құралдары, азық-түлік алынып берілді. Акция барысы 30 қыркүйекке дейін жалғасады және бөлімнің басты назарына алынған.

**М.БЕКТУРОВ,**
**Бөлім басшысы**

# АКЦИЯ ДОРОГА В ШКОЛУ

***По отделу образования Ескельдинского района на 2022 год из фонда всеобуча выделено 47 760 000 тенге. Количество детей из социально уязвимых слоев населения (детей сирот, детей из семей получающих АСП, из многодетных и малообеспеченных семей) по району составляет 1277. Способом ценовых предложений для данной категории детей на портале приобретены школьные рюкзаки и канцелярские товары на общую сумму 10 291 000 тенге. До 1 сентября товары будут полностью распределены. Также объявлен конкурс на приобретение зимних курток на сумму 37 469 000 тенге для обеспечения данной категории детей зимней одеждой.***

С 01 по 25 августа 2022 года 610 учащимся из социально-уязвимых слоев населения с помощью школьных коллективов, предпринимателей-спонсоров, руководителей торговых домов были приобретены одежды, школьные принадлежности, продовольственные товары в размере 4 568 820 тенге. Акция продлится до 30 сентября, находится на постоянном контроле отдела образования.

**М.БЕКТУРОВ,**
**Руководитель отдела**

# РАБОТУ ПО ВОЗВРАТУ НЕИСПОЛЬЗУЕМЫХ ЗЕМЕЛЬ УСИЛЯТ В ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ



***В соответствии с поручением Президента страны в области Жетісу создана рабочая группа по вопросам выявления и возврата в государственный фонд неиспользуемых земель сельскохозяйственного назначения. Ситуация постепенно меняется в лучшую сторону, но порой безответственный подход некоторых чиновников на местах значительно снижают эффективность принимаемых мер. Об этом сегодня шла речь на расширенном совещании под председательством акима области Бейбита Исабаева. В режиме ВКС в нем приняли участие акимы всех районов и городов региона, сообщает пресс-служба акима области Жетісу.***

Бейбит Исабаев констатировал, что несмотря на принимаемые меры работа по возврату неиспользуемых земель сельхозназначения не ведется на должном уровне. Более того, имеют место факты предоставления некорректных данных или даже осознанное их сокрытие.

- *Все вы на местах отлично владеете ситуацией, но предпочитаете отмалчиваться и перекладывать ответственность на своих заместителей, руководителей отделов, на кого угодно, только не на самих себя. Так дело не пойдет. Вы должны четко осознать, что прямая ответственность ложится именно на плечи акимов районов и городов. Это касается и инвестиционных проектов. Выделив огромные земельные участки под их реализацию, вы годами не ведете мониторинг. Есть ли какое-то движение, началась ли работа над проектом... Ничто из этого вас не интересует. Главное, отчитаться, но отчет ради отчета – это абсолютно неверный подход. Больше скажу, это путь к провалу. Об этом постоянно говорит наш Президент. Всем вам этот метод работы давно пора забыть. Необходим системный подход. Главе государства, Премьер-министру поступает немало жалоб по поводу нехватки пастбищных угодий, участков под ИЖС и так далее. Все эти вопросы уполномоченные органы должны держать на постоянном контроле и решать в рамках действующего законодательства. Помните, требования одинаковы для всех,* - подчеркнул Бейбит Исабаев, подвергнув жесткой критике работу акиматов районов и городов.

Выступая с основным докладом, председатель рабочей группы, заместитель акима области Алибек Жаканбаев сообщил, что общая площадь земель области составляет 11 млн. 800 тыс. га. Из них 4,4 млн. га – земли сельхозназначения, в том числе пашня – 528,9 тыс. га, орошаемые земли – 199,2 тыс. га, многолетние насаждения – 2,3 тыс. га, луга – 126,6 тыс. га, пастбища – 3,7 млн. га. Зарегистрирован 18 431 сельскохозяйственный субъект. Также он отметил, что в соответствии с изменениями, внесенными в Земельный кодекс, контроль за использованием земель возлагается на Департамент управления земельными ресурсами.

По словам и.о. руководителя данного департамента Еркебулана Мадибаева, акимы районов и городов должны вернуть в госсобственность 857 тыс. га, выявленных в результате аэрокосмического мониторинга, либо вместе с землепользователями обеспечить использование земель по назначению. Также выявлено порядка 13 500 га пашни. Данная информация на места была предоставлена в июле прошлого года. На сегодня плачевная ситуация сложилась в Аксуском районе, где не используются свыше 219 тыс. га пастбищных угодий, что составляет четверть территории области. Также наибольшее количество неиспользуемых земель выявлено в Алакольском, Кербулакском и Панфиловском районах.

И.о. руководителя областного управления земельных отношений Максат Картбаев сообщил, что в целях эффективного использования земель сельхозназначения районными акиматами в текущем году по 8 конкурсам фермерским хозяйствам передано 214 земельных участков общей площадью 40,7 тыс. га. Также было отмечено, что из-за нехватки пастбищ многим сельчанам приходится держать скотину во дворе. Поэтому к имеющимся 346 тыс. га общественных пастбищ дополнительно утверждено еще 371 тыс. га. В итоге на сегодняшний день утверждено 717 тыс. га пастбищных угодий. Кроме того, в 6 районах области ведутся работы по отводу пастбищных угодий общим объемом 31 тыс. га для государственных нужд, расположенных в радиусе 5 километров от сел. Они также будут закреплены за сельскими округами.

Аким области подчеркнул, что нужно ускорить процесс выдачи земельных участков, имеющих всю необходимую инфраструктуру для индивидульного жилищного строительства. Вразы сократить необходимо и сроки аренды земли для реализации инвестпроектов, контроль за которыми на постоянной основе должно осуществлять областное управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития. *«Работайте совместно с акиматами районов и городов. Если необходимо, внесите изменения в положение, регулирующее работу Регионального координационного совета, чтобы иметь возможность не только присваивать инвестиционный статус проекту, но и лишать его этого статуса. В одном только Аксуском районе выявлено 5 инвестпроектов, которые не реализуются несколько лет, а выделенные земельные участки не используются и пустуют. В Панфиловском районе обнаружено 9 инвестпроектов, под которые земельные участки не выделены, но статус свой проекты не потеряли. То есть они не реализуются, но на бумаге числятся. Все это огромные нарушения. Получается, мы обманываем самих себя и этим вредим экономике области, развитию страны в целом. Это по меньшей мере безответственно»,* - сказал Б. Исабаев.

Поручил аким области принять меры на местах и по 8 выявленным фактам незаконного строительства на территории государственного лесного фонда.

В целом за 2019-2021 гг. в области было выделено свыше 487 тыс. га земельных участков для реализации 222 инвестпроектов. Из них на сегодня 44 инвестпроекта не реализуются, а значит 32,1 тыс. га земель не используются. В частности, в Сарканском, Алакольском, Кербулакском, Панфиловском и Аксуском районах.

Что касается очереди на земельные участки для ИЖС, то по области зарегистрировано 107 тысяч заявок населения, большая часть из них в городе Талдыкорган и Панфиловском районе. На сегодняшний день имеется 243 га земли или 1581 земельный участок с инженерными коммуникациями в Аксуском, Каратальском, Кербулакском, Коксуском, Панфиловском, Сарканском районах, городах Талдыкорган и Текели. Кроме того, в этом году готовится 1202 дополнительных земельных участка.

Подводя итоги совещания, аким области Бейбит Исабаев подчеркнул, что проблема возврата неиспользуемых земель сельхозназначения касается не только области Жетісу, а актуальна для всех регионов.

- *Наша область – в основе своей аграрный регион, поэтому все мы, объединив усилия, должны усиленно работать в рамках действующего земельного законодательства. Сейчас многие латифундисты добровольно возвращают неиспользуемые земли в госсобственность, с ними я встречался и в ходе объездов районов, и во время встреч с населением. Земля должна быть в руках тех, кто на ней трудится, а не тех, кто будто собака на сене, просто владеет ей, не принося никакой пользы обществу и не давая возможности работать другим. Наш регион имеет все возможности для обеспечения сбалансированного использования пастбищных угодий, увеличения поголовья скота, создания хорошей кормовой базы, расширения посевных площадей, только необходимо рационально и эффективно использовать имеющиеся земельные и водные ресурсы, на всех уровнях со всей ответственностью относясь к выполнению своих обязанностей,* - подытожил Б. Исабаев, озвучив соответствующие поручения.



# ДЕНЬ КОНСТИТУЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

***Важный для Казахстана государственный праздник - День Конституции Республики Казахстан, отмечается ежегодно 30 августа. Этот праздник установлен в честь важного исторического события, годовщины принятия Конституции Республики Казахстан в 1995 году.***

Действующая Конституция Республики Казахстан была принята 30 августа 1995 года на всенародном референдуме. Этот день является государственным праздником - Днем Конституции Республики Казахстан. Принятию основного закона страны предшествовало широкое обсуждение проекта Конституции населением страны.

В общей сложности состоялось около 33 тысяч коллективных обсуждений проекта, в которых приняли участие более 3 миллионов граждан. Во время обсуждений было внесено почти 30 тысяч предложений и замечаний. В 55 статей были внесены более 1 100 поправок и дополнений.

За время, прошедшее с момента принятия действующей Конституции, изменения и дополнения в нее вносились три раза: в 1998, 2007 и 2011 годах. В 1998 году были внесены изменения и дополнения в 19 статей основного закона. Изменения коснулись сроков и полномочий президента, депутатов сената и мажилиса, был снят верхний возрастной предел для государственного служащего. Кроме того, поправками 1998 года было предусмотрено, что 10 депутатов мажилиса избираются на основе партийных списков по системе пропорционального представительства.

Более существенные поправки в Конституцию были приняты в 2007 году. В совокупности их суть сводилась к следующему: переход к пропорциональной избирательной системе, укрепление статуса парламента за счет введения нормы об утверждении премьер-министра парламентским большинством и процедуры консультаций президента с партийными фракциями при назначении главы правительства, Ассамблея народа Казахстана была наделена конституционным статусом и получила право делегировать своих представителей в мажилис и сенат парламента согласно установленной квоте.

В феврале 2011 года в Конституцию были внесены изменения, направленные на установление конституционных основ назначения и проведения внеочередных выборов президента страны. В марте 2017 года в Конституцию вновь были внесены изменения, позволяющие устанавливать в пределах Астаны особого правового режима в финансовой сфере, предусмотрены основания лишения гражданства по решению суда за совершение террористических преступлений, а также за причинение иного тяжкого вреда жизненно важным интересам Республики Казахстан, дополнены требования к Президенту Республики, а именно наличие высшего образования.

5 июня 2022 года в Казахстане пройдшел республиканский референдум. В голосовании за поправки в Конституцию приняли участие все граждане Казахстана старше 18 лет. На голосование был всего один вопрос: «Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года».

*«Референдум стал важной вехой в истории нашей страны, показал сплоченность и готовность нации к реальным переменам. Высокая явка стала свидетельством зрелости и ответственности нашего общества. Благодарю всех, кто пришел на избирательный участок и поддержал начатые в стране преобразования. Проявив подлинный патриотизм, вы внесли весомый вклад в поступательное развитие Казахстана. Признателен всем согражданам, кто воспользовался законным правом и высказал свою позицию в этот судьбоносный для страны момент,»* - сказал в своем обращении после референдума Глава государства Касым-Жомарта Токаева к народу Казахстана.

Конституция Республики Казахстан - это основной закон страны, он отражает волю казахского народа и его стремление к становлению демократического, правового и социального государства. Конституция эта определяет перечень основных прав и свобод граждан страны, закрепляет как высшие государственные ценности человека и его жизнь.

В Казахстане в День Конституции обычно проводятся различные торжественные мероприятия, устраиваются концерты художественной самодеятельности. Празднования проходят по всей стране.

Дорогие казахстанцы! Поздравляем вас с одним из самых значимых для нашей страны праздником – Днем Конституции! Она отражает исконное стремление нашего народа жить в свободном и справедливом обществе, сохранять государственное единство. Мы можем с уверенностью и оптимизмом смотреть в будущее, понимая, что наша слаженная работа предопределяет дальнейшее движение страны к процветанию и благополучию. Мы должны своим трудом и активным участием в жизни общества сохранить то, что создано многими предыдущими поколениями! Желаем вам и вашим семьям мира и согласия, здоровья, успехов и процветания!

**ЖШ Акпарат.**

# БОЛЕЕ 325 ТЫС. ЧЕЛОВЕК ОХВАЧЕНЫ МЕРАМИ СОДЕЙСТВИЯ ЗАНЯТОСТИ В РАМКАХ НАЦПРОЕКТА ПО РАЗВИТИЮ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

***По состоянию на 1 августа т.г. в рамках Национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 – 2025 годы (далее – Нацпроект) мерами содействия занятости охвачены 325,1 тыс. человек. 259,4 тыс. человек были трудоустроены, из них 155,3 тыс. – на постоянную работу, сообщает МТСЗН РК.***

На профессиональное обучение по заявкам работодателей было направлено 8,7 тыс. человек.

Для открытия своего дела 1,5 тыс. человек получили государственные гранты.

На субсидируемые рабочие места трудоустроено 122,9 тыс. человек, из них: на социальные рабочие места – 12,6 тыс.; на молодежную практику – 14,6 тыс.; на общественные работы – 91,7 тыс., на проекты «Первое рабочее место» – 2,4 тыс. человек, «Контракт поколений» – 249 человек, «Серебряный возраст» – 1,3 тыс. человек.

Также в целях выбора сферы деятельности 61,4 тыс. человек прошли социальную профориентацию.

Напомним, ранее меры, способствующие занятости населения, реализовывались в рамках Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017–2021 годы «Еңбек», участниками которой в 2021 году стали 651,8 тыс. человек.

Участники госпрограммы были трудоустроены на постоянные и субсидируемые рабочие места, получали поддержку на развитие предпринимательства в виде микрокредитов и государственных безвозвратных грантов, проходили обучение на краткосрочных курсах и в организациях ТиПО.

Кроме того, в рамках повышения мобильности трудовых ресурсов, желающих переселяли из трудоизбыточных в трудодефицитные регионы.

# «АЙБОЗ» ӘДЕБИ СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ 5 МЛН ТЕҢГЕДЕН АЛАДЫ



***Қазақстанда жалпы жүлде қоры 35 млн теңгені құрайтын тұңғыш «Айбоз» ұлттық әдеби сыйлығына 7 номинаци бойынша өтінім қабылдау жалғасуда. Сыйлық қоры әр номинация бойынша 5 млн теңге. Байқаудың іріктеу барысы мен жобаның егжей-тегжейі туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясы шеңберінде белгілі болды.***

Баспасөз конференциясына ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов, ҚР Жазушылар одағының мүшесі, ақын, аудармашы Любовь Шашкова, жас жазушы Садық Шерімбек қатысты.

- *«Айбоз» әдеби сыйлығы қазақстандық әдебиеттің дамуына, шығармалардың жанрлық тұрғыда кеңеюіне жаңа серпін береді. Бұл ретте оқырмандар жаңа шығармаларға қол жеткізе алады. Сыйлықтың ерекшеліктерінің бірі номинациялар бойынша жеңімпаздардың шығармаларын республикалық бюджет есебінен шығару және тарату,* - деді Мәдениет және спорт министрлігінің архив ісі және құжаттаманы басқару комитетінің төрағасы Қуат Бораш.

Айта кету керек, сыйлықтың басталуы 15 маусымда жарияланды, ал өтінімдерді қабылдау 1 қазанға дейін жалғасады. Ұлттық әдеби сыйлықта «Үздік поэзия», «Үздік проза», «Үздік драматургия», «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік аударма», «Үздік комикс» және «Үздік кітап» номинациялары қарастырылған және байқауға отандық жазушылар қатыса алады.

Сондай-ақ, баспасөз конференциясы барысында әдебиетті қолдау саласындағы басқа да жобалар туралы белгілі болды.

*- Биыл жаңа «Жаңа қазақ әдебиеті» жобасы іске қосылды, оның аясында жас авторлардың кітаптары 3 мың дана таралыммен басып шығарылады. Сонымен қатар елімізде жас қаламгерлер легін қалыптастырып, оларға тиісті қолдау білдіру, сондай-ақ, олардың әлемдік деңгейдегі тақырыптарға қалам тербеуіне мүмкіндік туғызу мақсатында 2023 жылдан бастап қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттің арнайы әдеби сыйлығы тағайындалады. Сыйлық 18-29 жас аралығындағы жас қаламгерлерге «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Балалар әдебиеті» номинациялары бойынша бұрын жарияланбаған шығармалары үшін табысталады Сыйлық қоры әр номинация бойынша 4 млн теңге,* - деді Қуат Бораш.

Сонымен қатар, авторлар мен баспаларды қолдау мақсатында кітап жәрмеңкелері өткізіледі. Мысалы, 28-30 мамыр аралығында «Алматы кітап жәрмеңкесі» өтті. Жәрмеңкеге әкелінген 14 мыңнан астам кітаптың 70 пайызы сатылған. Сондай-ақ, министрлік осы жылдың 23-25 қарашасында «Ұлы Жібек жолымен» Х Халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесін өткізуді жоспарлап отыр.

# ОҚУ-АҒАРТУ ЖӘНЕ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛЕРІ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТКІЗДІ



***Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов пен Ішкі істер министрі Марат Ахметжанов жаңа оқу жылы қарсаңында оқушылардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша кеңес өткізді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету маңызды бағыттардың бірі және бұл мәселеде екі ведомство бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы мәселеге ерекше назар аударып отыр, сондай-ақ бұған дейін еліміздің Премьер-министрі де тиісті тапсырмалар берген болатын.***

Министр техникалық жабдықтау мен оның сапасына тоқталып, жергілікті атқарушы органдар білім беру ұйымдары бейнекамералармен 100% қамтылғаны туралы есеп беретінін атап өтті. Бірақ тексеру болғанда елеулі кемшіліктер анықталады. Барлық камера жұмыс істемейді, қала мектептерінің бір бөлігі ЖБО-ға (Жедел басқару орталығы) қосылмаған. Сондай-ақ министр камералардың саны туралы есеп емес, осы камералардың қанша баланы қамтитыны маңызды екеніне баса назар аударды.

Сонымен қатар кездесуде Оқу-ағарту министрлігі жаңа оқу жылы қарсаңында Ішкі істер министрлігі өкілдерімен бірлесіп, оқушылардың қауіпсіздігіне қатысты сабақтар өткізетіні туралы айтылды. Бұл сабақтарға білім беру ұйымдарының өкілдері де, құқық қорғау органдарының өкілдері де қатысады.

«*Қыркүйектің басынан бастап 5 мыңнан астам полиция қызметкері мектептерге барып, профилактикалық сабақтарды бірлесіп өткізеді. Бұған мұғалімдер, директордың орынбасарлары және директорлар белсене қатысады. Оқу жылының басында ішкі істер органдарынан мектеп жанындағы кезекшілікті күшейтіп, қажет жерлерге арнайы жол белгілерін қойып, алдын алу шараларын жүргізуді сұраймыз. Барлық мектеп автобустарын, сондай-ақ қауіпсіздік жүйелерін тексеруді аяқтау қажет. Бұл жұмысты бірлесіп атқарамыз деп ойлаймын»,* - деді Оқу-ағарту министрі.

Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов сондай-ақ кәсіби күзет агенттіктері мектептердің ерекшеліктерін білуі қажет екенін айтты. Онымен қоса, тәжірибелі қызметкерлердің жиі ауыспауы және мектептің ерекшеліктерін білуі үшін оларды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету керегіне тоқталды.

*«Біз бұл мәселелерді жұмыс тәртібінде шешуді ұсынамыз және білім беру ұйымдарымен жұмыс істейтін лицензиясы бар күзет ұйымдарына қойылатын қазіргі талаптарға жеке тармақ енгіздік»,* - деп толықтырды сөзін Асхат Аймағамбетов.

Ішкі істер министрлігінің басшысы Марат Ахметжанов ведомствоның барлық жеке құрамы оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізетінін атап өтті. Оқушыларға олардың құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, құқық бұзушылықтың алдын алу, төтенше жағдайларда қалай әрекет ету керегі айтылады. ІІМ басшысы елордалық гимназиялардың біріне өзі де баратынын атап өтті.

Ішкі істер министрі жергілікті әкімдіктер орталық мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, мектептердегі тәртіпті қамтамасыз ету жұмыстарын күшейтуі қажет екенін атап өтті. Министрлік басшылары балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды бейнекамералармен, дабыл түймелерімен және т.б. жабдықтау мәселелері толық шешілмеген өңірлердің ақпаратын тыңдады.

Мәселелерді талқылау аяқталғаннан кейін министрлер Нұр-Сұлтан қаласындағы ПД жедел басқару орталығында мектептердің техникалық дайындығын тексерді.

**Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі**

**Газетіміздің өткен сандарында «Сіз газет оқисыз ба? Газеттің жарыққа шығуына себепкер боласыз ба?» -деп біраз аудан, ауыл тұрғындарынан сауалнама алған едік. Бүгінгі айдарымызда жалғастырсақ. Бұл сұрақ халықтың жүрегін оятып, газет-жұрналға деген қызығушылықтарын арттыруға түрткі болды. Міне, сол мақаламнан біраз уақыт өтіп, хабарласқан адамдар да аз емес. Ойымды ортаға салып, өз үлесімді қоссам дегендердің саны біразға артты. Тасқа қашалып жазылған дүниенің ешқашан құны жоғалмайды деген тегінде рас. Ол біздің тарихымыздан белгілі. Егер оның құны мәңгілік болмаса, сонау Тоныкөк, Күлтегін ескерткіштеріндегі жазулар неге соншама ғасыр сақталып қалды?!**

# СІЗ ГАЗЕТ ОҚИСЫЗ БА?



Газет пен журнал да сондай. Мәңгілік. Сарғайған парақтардағы сарғайған жазуларды кез келген сәтте тауып алуымызға мүмкіндік бар. Сонау 1870 жылы шыққан «Түркістан уәлаяты» газеті, «Дала уәлаяты» газеттері немесе революциядан кейін Алаш азаматтары шығарған «Қазақ», «Айқап» сияқты басылымдар осының дәлелі емес пе. Алаш арыстары жазып қалдырған рухани дүниелеріміздің бәрі «тасқа қашалып жазылғандай» күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа айтылып келеді. Бұл да газет пен журналдың құдіретінің арқасы. Кезінде Камал Смайылов, Шер¬хан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Фа¬риза Оңғарсынова, тағы басқа қа¬ламгер, журналистер еңбек жо¬лын «Лениншіл жас» газетінің әр об¬лыстағы меншікті тілшісі қыз¬ме¬тінен бастаған. Өкі¬ніш¬ке қарай, кеңес заманындағы осы бір өнеге қазір ұмытылып қалғандай. Бүгінгі жас журналистерді га¬зет арқылы шыңдау қажет. Журналист өмірде жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дә¬лелді шешімдер қабылдай білуге үй¬рене отырып, шындықты, дә¬лел¬ді факторларды іздеуі үшін өзін-өзі дайындап, жол іздеуі қажет. Ол үшін болмысына өзі кө¬мек¬тесіп, қабілетін дамыта отырып, маңызды мақсатқа білімінің, ру¬хани күшінің арқасында жетуіне ат¬салысуын керек етеді. Өз бетінше әдеби шы¬ғармашылық бағыттағы жұ-мыс¬¬тарды саралап, белгілі тақы¬рып¬қа әңгіме, мақала жазуы тиіс. Заман ағымына ілесіп, өркениетті қоғамда ақпараттық кеңістік адам ілесе алмайтын шапшаңдықпен қарыштап дамып келеді. Бүгінде газет пен журналдың орнын көбіне ғаламтор басып отыр. Дәстүрлі газет-журналдың қызығы мен шыжығына үйренген аға буын журналист қауымы Интернет сайттардың көбеюі газет пен журналдың қоғамдағы рөлін бәсеңдетіп жібереді дегенге сенгісі келмейді. Қазір қоғамда дәстүрлі газет-журналдар өледі. Оның орнын Интернет-ресурстары басады деген пікір әркімді толғандырады. Мысалы, техникасы ең озық Жапония мен Кореяны немесе сол Европаны алайық. Оларда қағаз басылымдар, яғни газеттер мен журналдар өлді деп кім айта алады? Бір ғана Токиода екі мыңнан астам газет-журнал шығады екен. Компьютері дамыған сол елде, газет пен журнал құрыса, құрыр еді ғой.

Журналистер жанын салып әзірлеген газеттер аптасына бір рет жиналып бір-ақ барады. интернеттің жеделдігін құптай отырып, газет-журналдың да өзіндік артықшылығына тоқталады: интернеттен қажетті дүниеңізді табу үшін қанша уақытыңызды сарп ететініңіз тағы бар. Газет тігіндісін кез келген уақытта тауып алып, қарауға, іздеген мақалаңызды жүз жыл өтсе де, тауып алуыңызға болады. Қазақстанның тым шалғай орналасқанын, интернет желісі барлық жерде орнықпағанын ескерсек, газеттің маңызы мен мәнін таяу онжылдықтарда жоя қоймайды. Сондықтан құстың қос қанаты секілді журналистиканың екі саласы да бір-бірімен қанаттаса дами береді. Шынымен де, интернет сайттар мен қағаз басылымдардың өзіндік ерекшеліктері бар. Интернет сайттардан талдамалы-сараптамалық мақалаларды оқып отырудың өзі қиын. Осыны ескерген кейбір сайттар телеграфтық стильге көшіп, тақ-тұқ оқылатын тұшымсыз тіл қалыптастыруда. интернет-газеттің жеделдігі сонша, онда жазылған дүниелердің сапасы газеттегідей болмайтыны тағы бар.

Қазірдің өзінде байқап жүргеніміздей сөйлеу тілінде жазылады. Ой-пікірлер асығыстықтан үстірт айтылуы мүмкін. Бұл тіл мәдениетіне нұқсан келтіреді. Ал газет осы уақытқа дейін сол тіл мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, оны жетілдіріп келеді. Сондықтан интернет-газеттен гөрі қоғамда кәдуілгі газеттің орны жоғары деген орынды пікір айтады. Газет-журналдың күні бітті, интернет басылымдардың дәурені келді деген пікірлер бар. Қазақстан - әлемдегі озық елдердің қатарына кіруге талпынып отырған ел. Ал сол озық деген елдерде газет-журнал нарығы соншалықты бейшара күйде ме? Ең алға кеткен Жапония мемлекетінде күнделікті газеттер миллиондаған данамен шығып жатыр. Газеттен бас тартса, ең бірінші сол Жапония бас тартар еді ғой. Біріншіден, интернетпен толықтай, әрбір шаңырақ қамтамасыз етілген ауылдар жоқтың қасы. Екіншіден, халықтың тең жартысының компьютерді меңгеру жағы шамалы-ақ. 2001 жылы жеткен компьютерлерді экрандағы жазуын дірілдетіп әлі қолданып келе жатқан ауылдың ағартушылары - ұстаздардың өзі жаңа технологиядан бейхабар дейді Жандос Ерденұлы.

Алмат Қайнар

-Негізі Англия, Италия, Испания сияқты алдыңғы қатарлы Европа елдерінде газетке деген сұраныс аз емес екен. Бұл елдерде газет-жұрналдарды таласып сатып алатын көрінеді. Қарындасым шет мемлекеттерде жиі болады. Өзінің жеке жұрналы бар. Кәсібін шыңдау үшін арнайы шет ел мамандарымен тәжірибе алмасып жүр. Жан-жақты көріп, біздің елмен салыстырады. Қазақстандық баспаларға ол да, өз үлесін қосқысы келгені ғой. Ал, енді біздің аудандық газетке келер болсақ, жұмысын тоқтатпау керек. Жалғыз түйір газеттің жарыққа шығуы міндетті. Газетті өз басым жақсы оқимын. Газеттен аларым көп. Кешкі салқынмен аулада отырып, газет-жұрналдар ақтарамын. Рухани азығымды дамытамын. Қарындасым осы бағытта жұмыс істеген соң, отбасымызбен жақынбыз. Газет –журналдардан хабарымыз болмаса, кәсіптің қырын сырынұқпас едік.

***Мадина Усманова:***

– Түсінемін қазақ журналисті үшін газет – киелі, қасиетті ұғым. Газетке көркемсөзді мақала дайындау, наборшыларға мәтін тергізу, «версткада» отыру, кезекші болу, ағалармен ішу, ел аралап сыйлы болу, менің ана мақаламды оқыдың ба деп айту, жаңа нөмірді қолға ұстап шолып шығу... бәрі қызық, күшті әрине. Бірақ заман талабын да мойындау керек. Газет өледі. Қазір «госзаказ» болмаса шықпас та еді. Сол «госзаказдар» арқасында қаншама адам айлық алып отыр. Ал «госзаказ» болмаса ше? Газет кімге керек? Жалпы шынымен газет қазір кімге және не үшін керек? Газет біздің балаларымыз бен болашағамыз үшін керек. Газет ол біздің кешегі тарихымыз. Тарихсыз алға басу дұрыс емес пікір. Баламызға кешегісі мен бүгінгісі түсіндірмесек, бүгінгінің жолын қалай түсіндіреміз. Кешегі мен бүгінгінің айнасы. Газет болу керек. Көзбен көріп, қолмен ұстап, ашып оқығанға не жетсін.

***Саят Дастанбекұлы:***

– Газет оқимын, беріліп оқымасақта айына бір рет оқитыным бар. Газетті ауылда біз үйдің терезесін қараңғылауға қолданамыз. Тамыздық пен тамақтың бетін жабамыз. Солярка таусылғанда пешті, самаурынды немен тұтатамыз? Жо-жоқ газеттерді өлтіруге болмайды! Газет өмірге қажет.

***Надина:***

– Менің 70 тен асқан әжем әлі газет оқиды. Алыс жолға шыққанда, сөмкесіне әртүрлі газет-журналдар толтыртқызып алады. Ата-әжелеріміз интернетке кіріп жаңалық оқымайды, олар әлі газет-журналдардан оқиды. Әлі газеттердің өлетін уақыты келген жоқ.

***Мұқаш:***

– Өзім газетті ауылға барғанда ғана оқимын. Аудан, облыс жаңалықтарын білу үшін. Ал мен ауылға жылына 1 не 2 рет барам. Негізі жұмыссыздардың санын көбейткісі келмегендіктен газеттерді жаппайтын шығар.

**Естай Қалақұлы:**

–Оқымаймын. Уақытым жоқ отырып, жатып оқитындай. Интернетті аса қолданбаймын. Қымбатшылық заманда қолым тимейді жан-жаққа карауға. Қолың қалт ете қалса, аш қаласың.

***Марал Досанқызы:***

– Менің енем Жетісу шұғыласы газетінің бір санын жібермей оқиды. Газет кешігіп қалса звандап сұрап жатады. Өзім оқымаймын, көзім жарамайды. Енем ғаламторды да жақсы қолданады. Сіздердің газеттеріңізді жоғалтпай жинап, ауылдағы үлкен енемдерге жинап беріп отырады. Оларда әдетке айналдырған газет оқуды. Бермей қалсақ сұрайды. Себебі оларда газет –журналдардан басқа ақпарат көздері жоқ. Интернет ұстамайды, теледидар бір күн көрсе, екі күн істемей қалады.



***Жарылқасын, зейнеткер тілші:***

– Әрине оқимын. Оқымасам басым ауырады. Өз басым осы табан алды еңбегімді газеттен бастау алғам. Сол газеттің қиын-қыстау кезеңін бастан өткізіп, жемісін жеп зейнетке шыққанмын. Тілші ретінде жақтап отырғаным жоқ. Газет болу керек. Әр ел мен ауданның, ауылдың айнасы газет деген. Тұрғылықты мекеннің жаршысы, құлағы, тілі. Осы арқылы мәлімет алып отырамыз.қайта қәзір заман дамыған, бұрынғыдай қиыншылық жоқ. Халықтың көзі ашық, құлағы ояу. Жылына бірақ рет жазылып, жыл бойына алғанға не жетсін. Өзі де жазылғанға қымбат емес. Күн сайын төлемейсің, жылына бір реттік төлем. Қатты қиындыққа соқтырады деп айта алмаймын. Жазылуды ұйымдастыра білу керек. Сенің мына саулнамаң мен газетке жанашыр боласың ба дегенің жаныма қатты батып отыр. Сенің де сөзіңнің жаны бар шығар. Тек әр нәрсені тереңнен ойланған жөн-ау! Мен газеттің мың пайдасын тізіп бере аламын! Бірақ, оған уақыт тапшы. Тек біреуін айтайын... Мысалға ешкімге қажеті жоқ деген Аудандық газетті алайық. Оны бүгін ешкім оқымады делік... Оқымасын! Десек те, сол газеттің әр данасы еліміздегі кітапханаларға, мұрағаттарға тіркеліп жатыр. Әр күн сайын қазақтың тарихы қатталып жатыр. Әр күн сайын қазақтың тарихы жазылуда. Басқаны айтпай-ақ қояйын, мынау іргедегі қытай мен орыстың бізден мықты болуының бір себебі жазба деректерінің, жазба құжаттарының көп болуында емес пе еді? Ғаламтор бауырым келді екен деп, тарихты жазуды доғарамыз ба? Мұны интернетке-ақ жазамыз дейтін шығарсың... Оның сақталуын қамтамассыз ете аламыз ба? Блогері бар, басқасы бар, жалпы азаматтық журналистиканың жазғаны болашақта қоғамдық пікір ретінде зерттеледі. Оны жоққа шығармаймын. Бірақ, тарих негізінен мемлекеттің миссиясы тұрғысынан сараланбай ма? Газет тек тарих үшін қажет деп бір жақты ғана ойлап қалмаңыздар! Газет деген түсінген адамға заңдық күші бар құжат. Ии, жарайды, патша көңілдерің білсін! Менікі ой ғой, әншейін..

***Бота Арыс:***

– Негізі мына сұрақты қате қойдыңыз. Газет-журнал дегенге жылына бір рет жазыласың, жыл бойы мерзімді баспасөз келеді. Сен кешіксең де, бір жаңалық яки хабарды оқисың. Бұл бір. Екіншіден өркениеті әлдеқашан дамып кеткен АҚШ пен Европа елдері әлі газет пен жорналды жойған жоқ, жоймайды да. Интернет деген Қазақстан халқының бір пайызында ғана бар. Алайда, сол бір пайыздың бәрі фейсбук қарап, газеттердің сайтын оқып, жаңалыққа қарық боп жатыр деп айтуға келмейді. Сосын, газеттен тек жаңалық оқылмайды. Онда әр қилы айдар бар. Солардың есебінен газеттегі материалдар толықтырылып отырады. Ал, газет-журнал оқу мен оқымауды таңдау – әр адамның еркі. Газет қызық емес, интернеттен қарап алам, дегендердің бір нәрсені қарап, айқын екеніне көз жеткізіп білетініне шүбәм бар.

***Дастан Бекасылұлы:***

– Газет болу керек. Газетте сауаттылық пен саналылық бар. Қазіргі заманның блогерлерінің сауатты жау үлгісіне жол сілтер бағыт. Мен барлық блогерлерге жала жаппаймын. Бар біразы, арасында. Шаш ал десе, бас алатын.

***Ержан:***

– Оқымаймын да қызықпаймын.

***Қадыр Нурсултанов:***

– Газет өледі дегенге сене алмаймын. Газет өлсе ұлт өлді дей беріңіз. Басқа тұрмайтын нәрселерге ақша шашқанша осындай жағдайлары төмен түсіп бара жатқан, ауқымды қажет ететін заттарды неге қолдамайды. Қазақ десе өзімізге тиеді. «Газет өледі» деп өткен ғасырдан бері айтылып келе жатыр. Өлсе неге 2 ғасырдан астам (229 жыл) тарихы бар «The Times» секілді басылымдар жабылып қалмайды. Керісінше Ұлыбританияда бұл басылымның беделі жоғары. Газет атадан қалған мұра. Бұны жауып, оқымай атаңа қылған сатқындығың. Міне, осыдан біз қалай тарихымызға бас иемеіз.

***Айнур Әлімжан:***

– Әрине, өле қоймас... керісінше керісінше интернет басылымдар ғұмыры қысқа. Бұрынғы жаңалықтың бетін аша алмай қаласың. Ал, газет сарғайсада сақталады.

***Марат:***

-Оқымаймын...

**Амантай Қасенұлы:**

– Рас газет мұрағат үшін қажет шығар. Пайдалы жақтары көп шығар. Оған дауым жоқ. Алайда біздегі газет оқу және шығару дәстүрін шетелдермен салыстыра да алмаймыз. Шетелде газетің тауар ретінде де құны бар. Бізде жоқ. Мұны бір деп қойыңыз. Екіншіден қазақстандық басылымдар ға қолдау жоқ. Оған себеп, халықта ақша жоқ. Жо-жоқ қателесеміз, ұйымдастырушылық жоқ. Ұйымдастыра білсек, жазылу да болар. Жылына бір рет төлем деген не ол? Қазір дүкенге бір барсаң бес мыңың жоқ.

***Қанат Жасанов:***

– Жабылатын газеттер жабылып болды, қалғандары шыға береді деп ойлаймын. Газет – шежірені сақтаудың ең сенімді тәсілі. Сонымен қатар, газеттегі дүниелер салмақтырақ, газет журналистері сауатты болады. Сондықтан, газет бізге керек.

***Даурен Аңдас:***

– Газетті оқимын. Апталап болмаса да айына 2-3 рет оқимын. Газет керек. «Газет өледі деген адамды өлтіріп барып өледі!» Ол сондай құдыретке ие, кие! Комбайын пайда болған тұста енді орақтың қажеті болмай қалады дескен. Шағын шаруашылықта, ауылдың қорасында орақ ілініп тұр. Орақтың пайдасы болмай қалады деген сол кездегілердің сөздері бұ күнде теріске шығып отыр. Газетпен шыбынды өлтіруге болады, шенеунікті де өлтіруге қауқары бар. Газеттің түбіне жетсек, киесі атар. Халқым оянар!

***Айдана Әміржанқызы, тілші:***

– Тілшілік қызметтемін. Әрине оқимын. Бұл менің жан-дүниемнің иесі. Түсінбеймін кейбір азаматтарды газетте жұмыс істеп, сол жерде нанын тауып жей тұра «газетті өлтіргісі» келетін. Кейбір әріптестеріме таңғаламын. Болашағына сенбесе босқа жүр ме уақыт өткізіп сонда? Газеттен осы күнге дейін алар асуларын алдығой. Енді не интернет шықты екен деп, газетті ысыра салуымыз қажет пе? Жоқ олай болмайды. Газет тарих, ол болашақ. Біздің келбетіміз.

***Сіз газет оқисыз ба?***

**Арай ӘДІЛ**

# «ТЕКТАU»-ДЫҢ БАЛЫ ТАНЫМАЛ

***Жетісу өңірінде теңіз деңгейінен 1425 метр биіктікте Жоңғар Алатауының етегінде табиғи таза бал өндіріледі. Мұнда Ескелді ауданындағы «ТекТаи» ЖШС 300-дей араның ұясын ұстап, омарташылықпен айналысуда. Серіктестік жылына 100 тонна өнім өндіруге қауқарлы. Өзі өндіргенімен қатар олар балды жергілікті омарташылардан да сатып алады. Балдың сапасы мен тазалығы арнайы зертханаларында тексеруден өтеді. Өнімдерін отандық нарыққа, БАӘ мен Ресейге және Қытайға экспорттап отыр, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***



Кәсіпорын директоры Руслан Кутлуковтың айтуынша, кәсіпорынның басты міндеті – табиғи таза өнім өндіру, соған сәйкес компания «ТекТаu-дың» балы әр шаңырақта болуы тиіс» деген ұранды ұстанып етіп алған.

*— Балдың сапасы мен тазалығы өндірістің бүкіл кезеңінде бақыланады. Оның стандартқа сай болуын жіті қадағалаймыз. Әр тұтынушымызды нағыз тау балының дәмімен тамсандырсақ дейміз. Біздің зертханамызда балдың құрамындағы дәрумендер мен пайдалы қасиеттерді төмендетуге әсер ететін заттарды анықтаймыз. Сол сияқты аралардың өмір сүруіне қолайлы орта қалыптастырамыз,* — деді Р. Кутлуков.

«ТекТаu» ЖШС балдың 4 түрін – тау, орман, қыр балдарын және Алтай тауының балын өндіреді. Балдың қаптамасына ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, тау балы жөке ағашынан жасалған, іші балауызбен өңделген бөшкеге, сол сияқты шағын пластикалық ыдыстарға құйылады. Оған қоса балдың барлық түрі шыны банкаларға, ал бал ұяшықтары ағаш қораптарға салынады. Мұндай әсем безендірілген бренд өнімді таптырмас сыйлық дер едік.

*— Арадан көп нәрсе үйренуге болады. Ол бізге пайдалы өнім беріп қана қоймай, еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа үйретеді, топпен жұмыс істеудің артықшылығын түсінуге көмектеседі. Араның бал жасау процесіндей күрделі процесті ештеңемен салыстыруға болмайды. Мысал үшін бірнеше деректі келтіре кетсем. Ара гүл шырынын өзінің артқы екі аяғында болатын арнайы қуыс — «бал сауытында» сақтап, оны омартаға жеткізеді. «Бал сауытының» сыйымдылығы шамамен 70 миллиграмм, бірақ оны толтыру үшін араға 1000-1500 гүлге қонып шығуына тура келеді. Өңделген ширнені ұяшықтың бір тор көзінен келесі бір тор көзіне ауыстырып, желдетіп, артық ылғалын әбден кетіреді. Мұның өзі 8-10 күндей уақытты алады. Бұл кезде одан әлі жетілмеген бал шығады. Оның буланын тездету үшін аралар қанаттарымен желдетеді. Омартаның жанына келген естілетін уіл — сол дыбыс. Ара балды осылай жасайды. Шырын ұяшықта тиісті қоюлық деңгейіне жеткенде балға айналады. Балы бар ұяшықтар балауызбен жабылып, өнім пісіп-жетіледі. Бір килограмм бал алу үшін омартадағы аралар шамамен 10 миллион гүлді аралап шығады. Әрине, балды бір емес, бірнеше ара жинайды. Бірақ бір араның өзі атқаратын жұмыс аз емес: бір күнде жұмысшы ара 5-7 мың гүлге қонады,* — дейді омарташы.

Ара шаруашылығымен айналысудың ерекшелігін баяндай отырып Руслан Кутлуков аралар туралы тағы бір таңырқатар дерек айтты:

— Бір қызығы, қай жақта шырынды гүлдердің көп екенін білдіріп, басқа араларды көмкее шақырғанда ол билейді. Оның жылдамдығы мен би қимылдары шырынды алқаптың қашықтығы мен бағытын көрсетеді. Қазіргі кезде біздің алқапта 300-дей араның ұясы орналастырылған. Компаниямыз бал шаруашылығымен 2015 жылдан бері айналысады, кәсіпорынды 2018 жылы аштық. Осы уақыт аралығында едәуір тәжірибе жинақтап, жоғары біліктілік деңгейіне жеттік. Қазіргі кезде біздің балымыздың нарықта өз орны бар, экспортта да бағаланып, ел азаматтарымен қатар БАӘ мен Қытай тұрғындары да тұрақты тұтынатын болды, — дейді ол.

Жалпы «ТекТаu» ЖШС Ескелді ауданының Сырымбет ауылында орналасқан, онда балды қаптау цехы, балды кристалдандыруға арналған термокамерасы бар, сол сияқты қойма орындары мен кеңсе орналасқан. Кәсіпорында 10 адам жұмыс істейді.

Айта кетсек, Жетісу облысында өткен жылы 280 тонна бал өндірілген, омарташылыққа жасалатын мемлекеттік қолдау жергілікті бюджеттен қарастырылды.

# КЛУБНИЧНЫЙ БИЗНЕС СЕМЬИ ИЗ ЖЕТІСУ

***В этом году в области Жетісу планируют собрать свыше 480 тонн ягод, из них примерно половина – клубника и земляника. Свой вклад в общую долю внесут и аграрии Ескельдинского района. Семья Лазаренко развивает свой аграрный бизнес уже порядка 10 лет, выращивая клубнику, малину и занимаясь садоводством. Сегодня супруги получают порядка 700-800 кг клубники в день и раз в два дня по 100-150 кг малины, — сообщает пресс-служба акима области Жетісу.***

По словам Любови Лазаренко, интерес к работе на земле ее супругу и его брату привил их отец Петр Андреевич. Он практически всю жизнь трудился в местном колхозе, а после получил паи и продолжил заниматься выращиванием фруктов и овощей. После его дело расширили сыновья, они обзавелись собственными семьями, и теперь им помогают их супруги. С того момента на участке нет ни одного свободного места, многому научились благодаря возможностям интернета. Все занято либо ягодой, либо плодовыми деревьями. Большую часть участка, конечно, занимает клубника и малина. Всюду видна женская рука. В свободных местах разбиты клумбы, цветут разноцветные петуньи и другие летние цветы. Мужская практичность соседствует с женским стремлением к красоте и уюту, в этом заключается гармония семейного дела.

*— В основном мы выращиваем клубнику и малину. Ягоды весьма полезные и вкусные, но и капризные. Поэтому усилий приложить для их выращивания нужно немало,* — рассказывает Л. Лазаренко.

Вот и в момент посещения хозяйства, сотрудники не сидят без дела. Сбору урожая помешал дождь, поэтому вовсю идет подготовка посадочного материала. Потом через месяц, когда приживется, готовая клубничная рассада будет высажена в открытый грунт и покрыта полиэтиленовой пленкой.

*— На данном этапе клубника занимает 2 гектара земли. Мы выращиваем десертный сорт «Альбион». Ягоды сочные, ароматные, крепкие. Особых проблем при выращивании сорт не вызывает, но при сильной жаре размер ягод уменьшается. Поэтому в этом году урожай средний, свое влияние оказала и малоснежная зима. Но в целом сорт очень хороший. Плодоносит с начала мая до первых осенних заморозков. Самое главное – отличные вкусовые качества, хорошая урожайность, отличная лежкость и траснпортабельность, при этом ягоды красивые, яркие, овальные или в форме сердечка,* — делится опытом Любовь.

Нет у семьи и проблем со сбытом. Оптовые покупатели в основном приезжают из Талдыкоргана. Но увидеть клубнику с полей семьи Лазаренко можно и на столах столичных жителей, немало продукции реализуется в Усть-Каменогорск, Семипалатинск и в другие города страны. Высокая траснпортабельность вращиваемого сорта дает свои преимущества. Не отказывают Лазаренко и розничным покупателям. Любой желающий может приобрести ароматную клубнику в нужном количестве, причем зачастую соберут ее при вас прямо с грядки.

Радует в этом году своей урожайностью яблочный сад. От изобилия плодов прогнулись и сливовые ветви. Начала спеть и ежемалина. Общая площадь земельного участка КХ – около 20 га. Как отмечает Любовь Лазаренко, хорошим подспорьем для них стало внедрение системы капельного орошения.

К слову, пока аграриям на развитие бизнеса поддержка со стороны государства не предоставлялась, но в случае таковой семья мечтает заняться переработкой. В частности, производством джемов и пастилы.

Но, как бы ни была сложна жизнь сельского предпринимателя, Николай и Любовь говорят, что она им нравится, и у них есть желание попробовать выращивать другие виды ягод. Говоря о дальнейших планах Любовь шутит: «Если вам надоела малина, то переходите на ежемалину. Польза та же, а вкус – другой». Теперь в хозяйстве планируют уделить этой созданной селекционерами ягоде особое внимание, в дальнейшем расширив область посадки. Первые несколько кустов прижились, уже начали давать свои плоды, с ними теперь и будут работать. Лазаренко надеются, что эта вкусная ягода тоже будет востребована.

**Есть ещё важный момент в этом деле: ягодные плантации дают работу местным жителям – в разное время года здесь работает разное количество людей, сейчас заняты 10 человек, которым предоставляется бесплатные обед, утренняя и вечерняя развозка. «К тому же сбор клубники – вполне приятное занятие», — резюмирует Любовь, которая вместе с супругом и семьей его брата участвует во всех процессах, ведь только так, вместе и благодаря ежедневному усиленному труду продвигается этот непростой ягодный бизнес семьи Лазаренко.**

# ТАМШЫЛАТЫП СУАРЫП, ТОЛАҒАЙ ӨНІМ АЛЫП ОТЫР

***Биыл Жетісу облысында 23 мың тоннаға жуық алма жиналады деп күтілуде. Жалпы бақтардың алаңы 5200 га асады, соның 3700 гектары – алма бағы. Ескелді ауданындағы бір ғана «Савченко» шаруа қожалығында алманың 15-тен астам түрі өсірілсе, соның басым бөлігі — отандық сорт. Соның ішінде «Алматы апорты», «Алматы Синабы», «Рубин», «Айдарет», «Рашида», «Золотое превосходное», «Алатау арайы» және т.б. түрлері бар, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

Владимир Савченко 30 жылдан астам уақыттан бері алма бағымен айналысады. 1990 жылдары колхоздан бөлініп шығып, дөңнің үстінде караусыз жатқан шағын бақты пай есебінде алған. Тынымсыз еңбектің арқасында бірте-бірте бақ жемісін бере бастады. Алманың ала түспен бояп қойғандай көрінетін отандық «Салтанат» сорты біріншi болып жемісін жегізді. Владимир Алексеевич алма ағаштарын күтіп-баптаудың жайын өз бетімен үйреніп, қатесінен сабақ ала жүріп, тәжірибесі толысты, түрлі семинарларға қатысып, мамандармен пікір алмасып, әр қилы әдебиеттерді оқып, бағбандық шеберлігін жетілдірді. Бүгінгі күні Теректі ауылында орналасқан бағы 38 гектарға жеткен. Жалпы бір маусымда одан 100-120 тонна алма жиналады.

*«Ниет болса бәріне қол жеткізуге болады. Оған қоса төзімділік пен еңбекті серік етсең, дегеніңе жетесің. Жалпы біздің табиғи-климаттық жағдайымыз бақ өсіруге, соның ішінде алмаға өте қолайлы. Теңіз деңгейінен 900-1200 метр биіктік — алмаға нағыз керегі осы емес пе! Су бізге тартылған каналдар мен құбырлар арқылы тау өзендерінен өз ағысымен келеді. Сонымен қатар тамшылатып суару әдісін пайдаланамыз. Әрине, алғашында қиындық болады. Бірақ еңбек бәрін жеңеді. Мұны осы кәсіпті енді бастап жатқан бағбандар білуі керек. Әсіресе алғашқы үш-төрт жылда бақты күтіп-баптауға көп көңіл бөлген жөн. Сол бастапқы кезеңде біз мемлекеттен субсидия алдық. Ол да әжептәуір көмек болды. Дегенмен бақтың жемісін кемінде бес жылдан кейін көре бастайсың»,* — дейді ол.



Владимир Алексеевич өзі өсірген өнімдердің экологиялық таза екенін мақтан тұтады: «Нағыз күтіп-баптайын кезеңінде бақты алма қотыры мен жеміс көбелекке қарсы жылына 2 рет өңдеймiз. Өзім қатысқан семинарлардың бірінде тіпті жылына 15 ретке дейін өңдеу керек екенін айтты. Олай болған күнде әр алманың сыртын кемінде 1 см кесіп лақтыру керек. Ал бұл алманың сыртқы қабығындағы витаминдерді рәсуа қылу деген сөз ғой. Сондықтан мен бұл жайтты үнемі назарда ұстаймын. Біле жүріңіздер, егер алманың кесілген жері тез қарайып кетсе, онда ол жақсы алма, витаминдері бойында сақталған деген сөз», — дейді бағбан.

Қазір әкесінің ісін баласы жалғастырып келеді. Отбасылық кәсіпке немерелері де қолғабыс етуде. Мұнда алманы бүкіл әлемдегі сияқты әлі де қолмен жинайды. Жергілікті тұрғындардан 5 адам тұрақты жұмысқа тартылған. Маусым кезінде жұмысшылар саны 20-ға барады.

«Савченко» ШҚ өнімдерінің шамамен 20%-ын Ресейге экспорттайды, қалғанын көтерме саудамен Талдықорғанға және еліміздің басқа да қалаларына өткізеді. Владимир Алексеевичтің бағында алманың қыстық сорттары да өсіріледі. Олар келесі маусымға дейін қоймада жақсы сақталады. Шаруашылықтың сыйымдылығы 75 тонна болатын жеміс қоймасы бар. Онда италиялық тоңазытқыш құралдар орнатылған. Мұндағы жемістер 0 ден +2 градусқа дейінгі температурада сақталады. Бағбанның айтуынша, қоймада сақталған алманың өн бойында бар сапалық қасиеттері мен табиғи дәмі мамыр-маусымға дейін, яғни жаңа маусым басталғанға дейін сақталып тұрады.

Оған қоса Владимир Савченко дәнді дақылдар мен құлпынай да өсіреді.

Қазіргі кезде құлпынай 3 гектар жерге егілген. Алқапқа тамшылатып суару құрылғысы орнатылған. Мұнда голландиялық «Альбион» және «Чезена» түрік сорты өсіріледі.

*— Биылғы жылы 10 тонна құлпынай жинап, өткіздік. Қыста қардың аз болғаны біршама әсерін тигізді. Қазір өнімді толық жинап бітірдік, суаруды жалғастырудамыз, арам шөптен тазаладық, сөйтіп келесі маусымға жерді дайындап жатырмыз,* — деді бағбан.

Жалпы бүгінде Ескелді ауданында 600 га бақ бар, соның 500 гектары – алма бағы. Бақ өсірумен 60-тан астам шаруашылық айналысады, ауданда шамамен 2 мың тоннадай өнім алу жоспарланып отыр, ал облыс бойынша 23 мың тоннадай алма жиналады.

Жетісудың тау баурайларында ерте дәуірден бері өседі делінетін алма жемісінің тарихы жаңа заманда осылайша жалғасын тауып келеді.

# ЭПИДЕМИЯ БЛИЗОРУКОСТИ СРЕДИ ШКОЛЬНИКОВ ЗАХЛЕСТНУЛА КАЗАХСТАН



***Почему казахстанские школьники теряют зрение?***

Если прийти на детскую площадку, то можно обнаружить, что трое-четверо детей уже носят очки. Еще несколько лет назад слабое зрение было спутником старости, сейчас от глазных заболеваний страдают и школьники. Углубленный медицинский осмотр, который был проведен в школах Казахстана в 2021 году, показал – на первом месте среди заболеваний у учащихся находится патология органов зрения. Почему зрение детей стремительно ухудшается, Liter.kz рассказали офтальмологи.

Если в 2020 году от патологий органов зрения страдало 22 795 казахстанских школьников, то в 2021-м уже 60 490 детей! Эти цифры огласил заместитель премьер-министра РК Ералы Тугжанов, отвечая на депутатский запрос.

Принято считать, что причина ухудшения зрения кроется в повальном увлечении детей гаджетами. ***"Это все из-за "соток",*** – сетуют старшие родственники. Действительно, сейчас трудно найти ребенка, который не "зависает" в телефоне. Но эксперты считают, что гаджеты – это видимая сторона айсберга. Проблема снижения зрения у детей глубже, чем времяпрепровождение в планшетах.

Врач-офтальмолог поликлиники № 8 города Нур-Султана Айгерим Дербисалиева говорит, что риск развития проблем со зрением выше, если у ребенка в этом смысле плохая наследственность.

*Все дети рождаются с плюсовым зрением, то есть дальнозоркостью. Ближе к семи-восьми годам зрение приходит к нулю. У детей с миопией зрение переходит в минус, то есть близорукость. Когда минус становится больше, дети могут заметить изменения в зрении, и родители обращаются к офтальмологу. По мере роста ребенка растет и сам глаз. Соответственно, минус увеличивается. И гаджеты здесь ни при чем – влияние генетики,* – отмечает врач.

Дальше на зрение детей влияют внешние факторы.

Все начинается с раннего детства, когда родители выбирают детский сад или развивающий центр для своего ребенка. Если попасть в государственный сад не удалось, то выбор падает на частное дошкольное учреждение. Как известно, данная деятельность пока никак не контролируется со стороны государства. В городах с дорогой недвижимостью развивающие центры могут открыть в цокольных помещениях, квартирах, плохо освещенных и непроветриваемых кабинетах. Мебель также не приспособлена для поддержания здоровой осанки. Собственной территории для прогулок может и не быть, либо это небольшой участок не больше десяти квадратных метров. В таких условиях мало какой воспитатель захочет проводить длительные полноценные прогулки.

И на этом проблемы не заканчиваются.

*В нашем садике вообще день начинали с просмотра мультфильмов. Удивленным родителям объясняли, что "Маша и медведь" помогает без слез расставаться малышам с родителями. Но как узнаешь, сколько времени дети смотрели мультики? Не исключено, что несколько часов. Зато тихо!* – возмущена Гульвира, мама четырехлетней Аялы.

В темных, неприспособленных, плохо проветриваемых помещениях дети проводят по 10-11 часов в день. Добавить сюда скудное однообразное питание, и получим все предпосылки для прогрессирования глазных заболеваний.

С осторожностью относятся врачи и к раннему развитию детей – это когда буквы учат с трех и пишут в прописях с четырех лет. Зачастую родители пытаются ускорить развитие ребенка, потому что боятся наступления школьного возраста.

*Современная программа сложна. Ребенок в первом классе должен уметь читать и писать. Никто индивидуально сидеть и помогать ребенку в школе не будет. В результате родители начинают подготовку в школу с четырех-пяти лет ребенка, чтобы в шесть-семь лет он был полностью готов. В советские годы дети в первом классе только учились выводить крючки, а сейчас решают примеры. Кажется, мы единственная страна, где родители боятся школы,* – пишут в соцсетях мамы и папы.

Врач-офтальмолог многопрофильной городской детской больницы № 2 города Нур-Султана Галия Абельдинова подтверждает, *что в школу ребенок должен идти не раньше шести-семи лет. Так как зрение полностью развивается только к семи годам. И ранние нагрузки на глаза им только вредят.*

*Ведущее место среди патологии глаз занимает аномалия рефракции – 57%. Из них на первом месте – миопия (близорукость). Она регистрируется у 30-50% учащихся. Ежегодно показатель увеличивается на 5% главным образом за счет школьников младших и средних классов. В нашей стране среди подростков близорукость отмечается у каждого шестого. На астигматизм приходится 37%. На втором месте косоглазие (13%) и на третьем – воспалительные заболевания глаз,* – рассказала офтальмолог.

По словам детского врача-офтальмолога НИИ глазных болезней в Нур-Султане Нины Мельниковой, в школьном возрасте на зрение начинают отрицательно влиять электронные гаджеты. Среди них не только традиционные телефоны, но и компьютеризация учебного процесса и интерактивные доски, которые есть почти во всех школах.

Усложненная школьная программа, которая традиционно вызывает в свой адрес критику, тяжело дается детям. Поэтому после уроков редкий ученик отправляется домой. Нет, он занимается с репетитором или идет на "продленку". Затем следует куча кружков, музыкальная школа, спорт и прочее. А дома "отдыхает" за телефоном или планшетом.

Не пошло на пользу школьникам и дистанционное обучение. По мнению Нины Мельниковой, при таком виде обучения происходят большие зрительные нагрузки на глаза детей.

*Повышенные учебные нагрузки, дистанционное обучение, постоянная работа с интерактивными досками, посещение кружков, конечно, сокращает время пребывания детей на прогулке. Между тем именно ежедневные прогулки длительностью не менее двух часов благотворно влияют на зрение.*

*Родители также обеспокоены качеством зрения детей. По словам Галии Абельдиновой, почти каждый второй родитель просит офтальмолога выписать справку в школу, чтобы их ребенок сидел за первой партой.*

*Я против первой парты, если ребенок хорошо видит, пусть даже в очках или линзах. Большую часть уроков он пишет в тетради или читает (большое напряжение аккомодации), дальше смотрит с доски, которая на расстоянии двух-трех метров. Где ж тут отдых для глаз? Плюс, ребенок просто может не заметить, что его зрение ухудшается, так как с первой парты он еще видит. А если очки ему выписали с недокоррекцией, то "привет" прогрессирование близорукости,* – возмущается Галия Абильдинова.

Чтобы не допустить ухудшения зрения, профилактический осмотр в Казахстане проводится в один месяц, в год, три года и шесть лет. Однако врачи рекомендуют проходить профосмотр ежегодно, так как из-за повышенных учебных нагрузок ухудшение зрения можно попросту не заметить.

Выходит, что в погоне за знаниями дети теряют здоровье, и к выпускному нас ждут линейки с детьми в очках? Однако специалисты считают, что ситуация может быть обратима. Если на генетику мы повлиять не можем, то режим дня ребенка, его загруженность в наших руках.

В свою очередь, депутаты предложили пересмотреть типовые учебные планы, а именно увеличение часов физической культуры и иных форматов активности, поднять статус предмета начальной военной подготовки и проконтролировать стандарты питания в школах. Но на облегчение школьной программы пока рассчитывать не приходится. Вместо пересмотра школьной программы Министерство просвещения продлило учебный год до 31 мая.

**Маржан БАКИЕВА,**
**liter.kz**

# ҚР ЖОҒАРЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КҮНДІЗГІ БӨЛІМДЕРІНДЕ ОҚИТЫН МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ

***Ескелді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 25-165 шешіміне сәйкес- табыстарын есепке алмай Қазақстан Республикасының Жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш білдірген тоқсанның алдындағы облыс бойынша белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан аспайтын, Қазақстан Республикасының Жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқитын балалары бар аз қамтылған отбасылар – 500 айлық есептік көрсеткіш ағымдағы қаржы жылына бюджетте көзделген қаражат шегінде беріледі.***

Әлеуметтік көмек өмірлік қиын жағдайда тап болған мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына бір рет көрсетіледі:

Өмірде қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтің әкіміне мынадай құжаттармен:

1) жеке басын куәландыратын құжатпен;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;

3) өмірде қиын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.

Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

**А.БЕЙСБАЕВ,**
**Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы**

# ПРИЕМ ЗАЯВОК НА СТАЖИРОВКУ ПО ПРОГРАММЕ БОЛАШАК СТАРТУЕТ 5 СЕНТЯБРЯ

***Прием документов на прохождение зарубежных стажировок по программе «Болашак» в ведущих вузах и организациях начнется 5 сентября 2022 года, сообщает bolashak.gov.kz.***

Заявки будут приниматься до 14 октября 2022 года посредством портала государственных услуг Egov.kz. В этом году по программе стажировок выделено 110 стипендий.

В 2022 году для прохождения стажировок утверждены следующие категории работников: инженерно-технические работники, медицинские служащие, работники сферы культуры, туризма и спорта, сотрудники средств массовой информации, работники сферы АПК, государственные служащие, педагоги организаций среднего, технического и профессионального образования.

Перечень приоритетных специальностей для прохождения стажировки по программе «Болашак» предусматривает 158 специальностей.

Стипендиаты на прохождение стажировки не предоставляют в залог недвижимость. Для обеспечения исполнения обязательств достаточно предоставить двух гарантов, которыми могут быть граждане РК в возрасте до 50 лет, имеющие постоянный заработок в течение последних 12 месяцев.

Претенденты на прохождение стажировки должны иметь общий стаж работы не менее 3 лет, в том числе последние 12 месяцев работать по выбранной специальности. Также обязательно наличие приглашения от принимающей зарубежной организации, сертификата КАЗТЕСТ уровня не ниже В1.

Прием заявок и конкурсный отбор на прохождение стажировок по категории «Ученые» будет проводиться отдельным потоком, о сроках проведения будет сообщено дополнительно.

# БАЛАБАҚША – БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ ОРДАСЫ

***Қазақ халқының нағыз азаматын тәрбиелеп өсіру негіздерін қалыптастыратын тұңғыш мектеп - ол балабақша. Балабақша келер ұрпақты еңбекке, өнер-білімге, елінің ар намысын қорғауға және ізгі адамгершілік ниеттерге баулиды. 2022 жылдың 3-і тамызында Жетісу ауылдық кітапханасының кітапханашыларының ұйымдастыруымен «балдырған» балалар бақшасының ұжымының қолдауымен «Балапан» тобында «Балабақша – бақытты балалық ордасы» атты ертеңгілік өткізілді. Ертеңгіліктің мақсаты, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының 2022 жыл «Балалар жылы» деп жариялаған жолдауын қолдау мақсатында бүлдіршіндерге өз Отанын танып – білуге, жақсы көруге, Отанына деген сүйіспеншілікке баулу.***

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан, алдымызға келген әр бір бүлдіршінге балабақшадан бастап тәлім-тәрбие беріп ұлтжандылыққа тәрбиелейік. Балабақша бақыттың ең бірінші баспалдағы, баланың болашағы.

**Алмагуль КОККОЗОВА,**
**Жетісу ауылдық кітапханасының кітапханашысы**

# 5-СҰРАҚ АЙДАРЫ. БЖЗҚ ӨЗЕКТІ САУАЛДАРҒА ЖАУАП БЕРЕДІ

***1) Сәлеметсіз бе! Мен келесі жылы жұмыс берушілердің міндетті зейнетақы жарналары енгізілетінін оқыдым, алайда, менің білуімше, қазірдің өзінде кейбір мамандықтар бойынша еңбек етіп жүрген қызметкерлер үшін қосымша 5% төленеді. Бұл туралы толығырақ айтып берсеңіз***

Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) - агент (жұмыс беруші) еңбек жағдайлары зиянды жұмыстармен айналысатын өз жұмыскерлерінің пайдасына бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (бұдан әрі – БЖЗҚ) өз қаражаты есебінен аударатын ақша. Кәсіптер мен лауазымдардың, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің бұйрығымен бекітілген. МКЗЖ мөлшері жұмыскердің табысының 5% құрайды.

Егер жұмыс беруші Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде арнаулы салық режимі қолданылатын шаруашылық жүргізуші субъект болмаса, МКЗЖ ұлттық валютамен табысы төленген айдан кейінгі айдың 25-інен кешіктірілмей төленеді. Мемлекеттік кіріс органдары МКЗЖ аударылуын бақылайды және егер жұмыс беруші қаражатты қызметкердің шотына уақытылы аудармаған жағдайда, жұмыс берушіден қаражат өндіріп алынады, олар мерзімі өткен әрбір күн үшін есептелген өсімпұлмен БЖЗҚ-дағы шотына аударылады.

***2) Қазір көптеген компаниялар жеке куәліктің цифрлық көшірмесін қабылдай бастады, БЖЗҚ-да бұл жағы қалай болуда?***

БЖЗҚ заманауи трендтерден қалыс қалмайды, міне, бірнеше ай бойы стандартты жеке куәлікпен қатар, оның цифрлық көшірмесін де пайдаланып келеді.

Бүгінгі таңда жеке зейнетақы қызметтерін БЖЗҚ-дан жеке куәліксіз алуға болады. Ол үшін eGov Mobile мобильдік қосымшасында жеке куәліктің цифрлық (электрондық) нұсқасы болса жеткілікті.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің электрондық нұсқасымен БЖЗҚ бөлімшелеріне өзі келгенде:

жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу;

деректемелерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу;

зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы хабарлау тәсілін өзгерту (айқындау).

зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға болады.

Жеке куәліктің цифрлық (электрондық) нұсқасын БЖЗҚ бөлімшелеріне тікелей өзі келгенде пайдалануға болатынын атап өтеміз.

***3) Сәлеметсіз бе! Қазір мен бала күтімі бойынша декреттік демалыста жүрмін. Еңбекке жарамды уақытымның барлығында мен ресми түрде жұмыс істедім, тиісінше, жарналарым да БЖЗҚ-ға жүйелі түрде аударылып отырды. Айтыңызшы, мен жұмыс істемеген уақыт ішінде мен үшін зейнетақы жарналары төлене ме, төленетін болса, оларды кім аударып отырады?***

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заңның1 25-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушылар үшін бюджет қаражаты есебінен субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналары (бұдан әрі – МЗЖ) қосымша белгіленеді.

Субсидиялау қағидаларының2 2-тарауының 4-тармағына сәйкес БЖЗҚ-да МЗЖ субсидиялау бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем алушылардың пайдасына ай сайын бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Яғни ай сайын, бала бір жасқа толғанға дейін анасының жеке зейнетақы шотына МЗЖ бюджет қаражаты және МӘСҚ қаражаты есебінен мемлекеттік корпорация3 арқылы аударылатын болады.




Субсидиялау кезінде әйелдердің зейнетақы аударымдарының мөлшері МӘСҚ-дан бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемдер алған бүкіл кезең ішінде төмендетілмейді және бала күтімі бойынша әлеуметтік төлем мөлшері есептелген әйелдің табыс мөлшері ескеріле отырып сақталады.

Яғни МЗЖ мөлшері декреттік демалысқа шыққанға дейін белсенді еңбек қызметі кезеңінде алатын табысынан 10% деңгейінде сақталады. Осылайша, 10% жарна мыналарды қамтиды:

4% - бала күтімі бойынша төлемдерді жүзеге асыратын МӘСҚ-дан (МӘСҚ жарналары);

6% - республикалық бюджеттен (субсидия).

***4) Қайырлы күн! Сіздер өз материалдарыңызда цифрландыру туралы жиі айтасыздар, айтыңызшы, мен БЖЗҚ-ға берген өтінімдерімнің мәртебесін кеңсеге жүгінбей-ақ қалай қадағалай аламын?***

1) "БЖЗҚ" АҚ-да тіркелген төлемге өтініштің орындалу мәртебесін "Электрондық сервистер" бөліміндегі " Менің төлемдерге / аударымдарға өтініштерім" қызметінің көмегімен қадағалауға болады.

2) инвестициялық портфельді басқарушыларға ауыстыру кезінде өтініштің орындалу мәртебесін Жеке кабинеттің басты бетіндегі "Өтініштердің мәртебесін қадағалау" деген кіші бөлімде қадағалауға болады.

1 «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы №105-V заңы

2 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №330 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидалары

3 "Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ

Салымшылардың назарына. БЖЗҚ салымшыдан өтініш келіп түскен күннен кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жеткілікті сомадан асатын зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ сенімгерлік басқаруына аударуды жүзеге асырады. Салымшының зейнетақы жинақтарының қалған бөлігі Ұлттық банктің басқаруында қалуды жалғастырады.

ИПБ-ның инвестициялық басқаруына берілген зейнетақы жинақтары біржолғы зейнетақы төлемдері алымдарына жатпайды (тұрғын үй жағдайларын жақсарту және/немесе емделу мақсаттарына алынған жағдайдағыдай) және ИПБ-ға ауыстырылған кезде оларға жеке табыс салығы салынбайды.

3) Сақтандыру ұйымына ауыстыру бойынша өтініштің орындалу мәртебесін Жеке кабинеттің басты бетіндегі "Өтініштердің мәртебесін қадағалау" кіші бөлімінде бақылауға болады, атап айтқанда:

- ЖСН мен парольді пайдалана отырып;

- "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан алынған ЭЦҚ кілтінің көмегімен;

- төлемге және (немесе) аударымға өтініште көрсетілген деректерді пайдалана отырып жүргізіледі.

"БЖЗҚ" АҚ сайтында авторизациядан өткеннен кейін алушыға төлем/аударым өтінімінің мәртебесін қадағалауға мүмкіндік беретін бет қолжетімді болады. 3-ші әдіс арқылы авторизациялану кезінде сіз тек авторизация кезінде көрсетілген мәлімдеменің ғана мәртебесін бақылай алаcыз.

4) БЖЗҚ-ға уәкілетті оператордан келіп түскен біржолғы зейнетақы төлеміне (БЗТ) өтініштің мәртебесін салымшы "БЖЗҚ" сайтындағы "Менің төлемдерге/аударымдарға өтініштерім" электрондық қызметі және БЖЗҚ-ның ұялы қосымшасы арқылы дербес тексере алады.

Осы операциялардың барлығын төмендегі тәсілдермен жасауға болады:

- ЖСН мен парольді пайдалана отырып (олар БЖЗҚ дерекқорында тіркелуі тиіс). Бұл тәсілді салымшы өз жинақтары туралы ақпарат алу тәсілі ретінде "интернет-ақпараттандыруды" таңдаған жағдайда жүзеге асыруға болады);

- "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясынан алынған ЭЦҚ кілтінің көмегімен.

Сонымен қатар, Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетумен (ТТК) байланысты төлемдерді алу үшін құжаттарды алдын ала тексеруді онлайн режимінде жүзеге асыруға болады.

***5) Сәлеметсіз бе! Мен Ресей азаматымын, бірақ геосаяси жағдайға байланысты қазіргі уақытта Қазақстанда тұрып, жұмыс істеймін, менің зейнетақымен қамсыздандыру мәселем қалай шешілуде?***

29.05.2014 жылғы ЕАЭО туралы шартқа сәйкес, ЕАЭО мүше мемлекеттердің еңбекшілері мен отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тұрақты тұратын мемлекеттің заңнамасымен, сондай-ақ ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер арасындағы жекелеген халықаралық шартқа сәйкес реттеледі. 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім (бұдан әрі-Келісім) осындай халықаралық шарт болып табылады.

Келісімнің негізгі мақсаты - ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер еңбекшілерінің зейнетақы құқықтарын жұмысқа орналастырушы мемлекеттің азаматтары сияқты шарттарда және тәртіппен қалыптастыру болып табылады, яғни ЕАЭО-ға мүше әрбір мемлекет ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттердің азаматтарына зейнетақымен қамсыздандыру құқығын өз азаматтарына берілетін көлеміне тең дәрежеде беруге тиіс.

Келісімнің нормалары ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағында еңбек қызметін уақытша жүзеге асыратын ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтарын жұмысқа орналастырып, жұмысқа орналастырушы мемлекеттің жұмыс берушісімен еңбек немесе азаматтық-құқықтық шарт жасасып, жұмысқа орналастырушы мемлекеттің зейнетақы жүйесіне міндетті түрде зейнетақы (сақтандыру) жарналарын төлей отырып, ресми жұмысқа орналастыру шартымен Келісім күшіне енгеннен кейінгі кезеңде еңбекшінің жинаған жұмыс өтіліне қолданылады.

Сонымен қатар, Келісімнің 2-бабы 2-тармағының 2.3. тармақшасында Келісім Қазақстан Республикасында зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдеріне қолданылатыны белгіленген:

1) зейнеткерлік жасқа толғанда;

2) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектік белгіленген кезде;

3) мұрагерлерге біржолғы төлем.

Осылайша, Қазақстан Республикасында:

*2021 жылдың қаңтарынан бастап жұмыс беруші шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат алмай тұрып жасаған еңбегі немесе азаматтық-құқықтық шарт негізінде уақытша еңбек қызметін жүзеге асыратын ЕАЭО елдері азаматтарының табысын есептеу кезінде БЖЗҚ-ға зейнетақы жарналарын (МЗЖ/МКЗЖ) ұстап қалуға және аударуға міндетті. Бұл ретте МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есепке алу үшін жеке зейнетақы шоттары (ЖЗШ) жұмыс берушіден түскен МЗЖ/МКЗЖ бастапқы сомасын аударған кезде БЖЗҚ-да автоматты режимде ашылатын болады;

*еңбек шарты немесе жұмыс берушімен азаматтық-құқықтық шарт бұзылған жағдайда БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу құқығы аталған тұлғаларда Келісімді 2-бабы 2-тармағының 2.3-тармақшасында көзделген талаптар басталған кезде ғана пайда болады.

Бұл ретте ЕАЭО елдерінің, оның ішінде Ресей Федерациясының азаматтары зейнетақы төлемін алу үшін Келісімді іске асыру бойынша Қазақстандағы құзыретті орган болып табылатын БЖЗҚ-ға не тұратын мемлекеттің құзыретті органына, мысалы, Ресей Федерациясының зейнетақы қорына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құжаттарды ұсына отырып, жүгінуге құқылы болады.

## ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ ПРИ НАСЛЕДОВАНИИ ПЕНСИОННЫХ НАКОПЛЕНИЙ?

***В соответствии со статьями 31, 32, 33 Закона Республики Казахстан «О пенсионном обеспечении в Республике Казахстан» в случае смерти лица, имеющего пенсионные накопления за счет обязательных, обязательных профессиональных и добровольных пенсионных взносов, они наследуются в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.***

Наследование пенсионных накоплений осуществляется по завещанию или по закону. Когда завещание отсутствует либо определяет судьбу не всего наследства, а также в иных случаях, установленных гражданским законодательством, имеет место наследование по закону.

Согласно разделу 6 (Наследственное право) Гражданского кодекса Республики Казахстан для приобретения наследства наследник должен его принять путем подачи по месту открытия наследства нотариусу или уполномоченному в соответствии с законом на выдачу свидетельства о праве на наследство должностному лицу заявления о принятии наследства либо заявления о выдаче свидетельства о праве на наследство. Наследство может быть принято в течение шести месяцев со дня открытия наследства, т.е. в течение шести месяцев со дня смерти наследодателя.

Для упрощения процедуры, а также оптимизации взаимодействия между ЕНПФ и нотариусами по данным вопросам между Министерством юстиции РК, Республиканской нотариальной палатой, АО «НИТ» и ЕНПФ заключен Договор о взаимодействии государственной информационной системы «Единая нотариальная информационная система «Е-нотариат» и информационной системы ЕНПФ (далее – Договор).

В рамках Договора нотариусы посредством реализованного сервиса могут направлять в режиме онлайн запросы в ЕНПФ для получения сведений об остатках и о движениях денег на индивидуальных пенсионных счетах (далее – ИПС) умерших лиц, без направления письменных запросов.

После получения у нотариуса свидетельства о праве на наследство в виде пенсионных накоплений, имеющихся на ИПС умершего лица, наследнику или его доверенному лицу необходимо обратиться с пакетом документов в ЕНПФ. Полный перечень документов представлен здесь: https://www.enpf.kz/ru/services/recipient/heir.php

Если перечень документов наследником предоставлен в полном объеме, ЕНПФ осуществляет выплату в течение 10 рабочих дней со дня приема либо поступления в ЕНПФ документов.

Важно отметить! Выплата наследуемых пенсионных накоплений осуществляется исключительно:

1. на основании поданных в ЕНПФ документов;

2. ЕНПФ, а не другими физическими или юридическими лицами;

3. на банковский счет самого наследника, в том числе в случае, если получателем пенсионных выплат является несовершеннолетнее или недееспособное/ограниченно дееспособное совершеннолетнее лицо. Выплата пенсионных накоплений на банковский счет другого лица, даже законного представителя (опекуна/попечителя) или поверенного не допускается.

Наследник либо его доверенное лицо в том числе на основании свидетельства о праве на наследство вправе получить в ЕНПФ информацию о состоянии пенсионных накоплений умершего лица в виде выписки с ИПС с QR-кодом, который содержит веб-ссылку на электронный вариант выписки с ИПС, удостоверенный электронной цифровой подписью уполномоченного лица ЕНПФ. При этом веб-ссылка для проверки подлинности представленной выписки с ИПС доступна в течение 1 (одного) месяца со дня выдачи выписки с ИПС.

## 40 КҮНДІК АСҚА ШАҚЫРУ

**Дүниеден озған аяулы да ардақты әкеміз Фазылбаев Равиль Шәріпұлының 40 күндік асы беріледі Талдықорған қ., Восточный ш/а, Муратбеков к-сі 47, «Алтын ғасыр» м-сы. 3 қыркүйек 2022 ж. 12.00 сағ.**

# ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

***Қазіргі кезде өрттің қайғылы жағдайларға әкеп соғатынын әрбір азамат білуі керек. Ол үшін өрт болған жағдайларда бірінші кезекте 101 телефоны арқылы өрт сөндіру бөліміне хабарлау керек. Өрттің қай жерде жанып жатқанын, мекен жайын толық хабарлау керек. Осыдан кейін адамдарға құтқару бірінші кезектегі жұмыс және жедел қолдағы бар мүмкіндікпен өртті өшіруге кірісу керек. Мысалы шелекпен су тасу, құм себу тағы басқадай шаралар жасалынады. Егер өрт үй жануарлары қамалған қорада болса, ең алдымен қорадағы малды шығаруға әрекет жасау керек.***

Содан кейін өртті сөндіруге кіріскен абзал. Көбінесе азаматтар өрт сөндіру бөліміне кештетіп хабар береді, немесе өрт жайлы хабарланған кезде мекен жайларын толық айтпай телефон тұтқасын тастай салады. Осының барлығы өрт сөндіру бөлімінің жұмыстары күрделендіре түседі. Егер хабар дер кезінде түспесе өрттің арты үлкен апатқа, адам шығынына да әкеп соғады. Өртті болдырмаудың басты себебі әрбір азаматтың өрт қауіпсіздік ережелерін қатаң есте ұстау болып отыр.

**Қ. ӘШІМОВ,**
**Ескелді ауданының ТЖБ инженері**
**азаматтық қорғау аға лейтенанты**

# ӨРТТЕН САҚ БОЛЫҢЫЗДАР!

***Жыл сайын өрттен көптеген адамдар қаза болады. Өрт- тілсіз жау екенін біле тұра оған немқұрайлықпен таныту бұл адамзатқа да, мемлекетке де көптеген кері әсерін тигізеді. Өрттің пайда болуына көбіне төмендегі жағдайлар себеп болады: ересектер мен балалардың отты байқамай қолдануы, пештің, газ және электр тұрмыс құралдарының дұрыс қолданылмауы.***

Қазір міне, от жағу маусымы өтуде. Кейбір тұрғындар пешті жағу үшін керосин немесе бензин қолданады, ал ол қайғылы жағдайға әкеліп соқтырады. Жанып жатқан пештерді қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды балаларға тапсыруға, пештің үстіне отынды, басқа жанғыш заттар мен материалдарды қоюға, пешті жандыруға бензин, керосин, дизельді отынды қолдануға тыйым салынады. Қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында өртке қарсы қызметкерлері сіздерге пешті қолданғанда төмендегі өрт қауіпсіздік ережелерін сақтауларыңызды ескертеді:

- пеш және оның түтіндігін жарамды етіп (жарықсыз), сылақтап және ағартып ұстап, пеш жағу мезгілі басталар алдында және әр үш ай сайын оның тазарылуын қадағалап жүріңіздер;
- әр пеш есігінің алдында көлемі 70 х 50 см қаңылтыр қағылған болу керек;
- түтіндіктер шатырлардың төбесінен 70 см шығатындай биік болу керек.

Құрметті аудан тұрғындары, өрт қауіпсіздік ережелерін мұқият сақтап, өрттен сақ болыңыздар!

**Қ. ӘШІМОВ,**
**Ескелді аудынының ТЖБ**
**инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты**

# АУДАН ТҰРҒЫНДАРҒА АРНАЛҒАН БИЗНЕС-ЖОСПАР ОҚУЫ

Ескелді аудандық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында 2022 жылдың 11 тамыз айында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының директоры А.Султанбек, Алматы облыстық бизнес тренеры, мотиватор А.Кузнецов, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімінің бас маманы А.Муханова, жұмыспен қамту орталығының бас маманы Б.Байзаковтың қатысуымен Ескелді ауданың аз қамтылған отбасыларымен бекітілген «2022 жылға арналған халық арасындағы патерналистік көңіл-күй мен әлеуметтік масылдықты төмендетуге бағытталған ақпараттық жұмысты күшейту жөніндегі медиа жоспарын», мемлекеттік бағдарлама жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті дамыту бойынша «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы» бағдарламаларын іске асыру мақсатында халыққа түсіндірмелі кездесу жиыны өтікізілді. Жиын барысында ауыл тұрғындарынан «Қайтарымсыз гранттар, несие қалай алуға болатыны?, « Кімге беріледі?, Қандай мақсатқа беріледі?» деген қойылған сұрақтарға, толығымен жауаптар берілді.

# БИЗНЕС-ПЛАН – ОБУЧЕНИЕ ДЛЯ ГРАЖДАН РАЙОНА

11.08.2022 года в палате предпринимателей «Атамекен» Ескельдинского района был проведен семинар в присутствии директора палаты «Атамекен» Султанбек А., бизнес тренера, мотиватора Алматинской областной палаты предпринимателей Кузнецова А., главного специалиста отдела занятости и социальных программ Мухановой А., главного специалиста центра занятости Байзакова Б, с малообеспеченными слоями населения Ескельдинского района по разъяснению утвержденного «Медиаплана по усилению информационной работы, направленной на снижение патерналистических настроений и иждивенчества среди населения на 2022 год», и государственных программ поддержка занятости, и развитие предпринимательства в сельских округов «Национальный проект по развитию предпринимательства на 2021-2025 года». В ходе семинара были заданы вопросы от населения, «Как можно получить безвозмездные гранты, кредиты? кому оно выдается?» и на какие цели? и т.д. На все заданные вопросы были получены ответы.

**А.БЕЙСБАЕВ, бөлім басшысы**

# ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!



***Адамзат баласының өмір сүруі белгілі бір заңдылықтарға бағынатыны сияқты, ғаламшарды мекен еткен әр мемлекеттің де негізгі заңы болуы шарт. Ол заңның барлық тілдердегі мойындалған атауы – Конституция. Бұл орайда еліміз 1995 жылы 30 тамыз күні өзінің талғам-талқысынан өткен басты құжаты Конституциясын жүрек қалауымен қабылдады. Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы болған Конституция біздің бар-ша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Қастерлі құндылығымыздың қағидаттарын бұлжытпай орындаудың нәтижесінде біз қысқа мерзімде мызғымас мемлекетіміздi орнатып, Тәуелсіздігімізді тұғырлы еттік. Ата Заң тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды. Ағымдағы Конституция 1995 жылы 30 тамыз күні жалпыхалықтық Референдум негізінде қабылданып, 5 қыркүйек күні өз күшіне енді. Конституция 9 тараудан, 98 баптан тұрады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ата Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы бойынша 2022 жылы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы Жарлыққа қол қойды. Және елімізде республикалық референдум 5 маусымда өтіп, ондағы өзгерістер 8 маусымда күшіне енді. Барлық Қазақстандықтарды 30 тамыз - Конституция күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық бейбіт тұрмыс, тұрақтылық тілеймін! Береке – бірлігіміз мәңгілік болғай!***

**Қ. САТАНОВ, Мәслихат хатшысы**

# ОПУБЛИКОВАНЫ ПРЕДЛАГАЕМЫЕ РАЗМЕРЫ МИНИМАЛЬНОЙ ЗАРПЛАТЫ, ПЕНСИИ И МРП НА 2023 ГОД

***На сайте «Открытые НПА» опубликован проект закона РК о республиканском бюджете на 2023-2025 годы, передает корреспондент МИА «Казинформ».***

Согласно документу, с 1 января 2023 года предлагается установить:

- минимальный размер заработной платы – 60 000 тенге;
- минимальный размер государственной базовой пенсионной выплаты – 21 907 тенге;
- минимальный размер пенсии – 53 076 тенге;
- месячный расчетный показатель для исчисления пособий и иных социальных выплат, а также применения штрафных санкций, налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан – 3 450 тенге;
- величину прожиточного минимума для исчисления размеров базовых социальных выплат – 40 567 тенге.

Также, согласно законопроекту, средства, направленные на пенсионные выплаты по возрасту и пенсионные выплаты за выслугу лет, предусмотрены с учетом повышения их размеров с 1 января 2023 года на 10,5 процента.






# БЕРЕГИТЕ ЛЕС ОТ ПОЖАРА

***Лес является важным и незаменимым источником множества полезных продуктов, без которых сложно представить комфортную жизнь современного человека. Кроме того, он имеет важное экологическое, целебное и санитарное значение. Насыщает воздух необходимыми химическими элементами, очищает его от промышленных выбросов, поэтому его по праву можно назвать фабрикой кислорода.***

Безответственное отношение человека, природные катаклизмы приводят к снижению количества лесных угодий. Самой страшной угрозой, способной уничтожить лесные насаждения за считанные часы, является пожар.

Согласно Лесному Кодексу РК главными задачами является

1. Задачами лесного законодательства Республики Казахстан являются регулирование отношений по владению, пользованию, распоряжению лесами в целях обеспечения условий для повышения экологического и ресурсного потенциала лесов, рационального и неистощительного использования лесных ресурсов, их охраны, защиты и воспроизводства, укрепление законности в области лесных отношений.

2. Регулирование лесных отношений осуществляется исходя из того, что лес является одним из важнейших компонентов биосферы, имеющим глобальное экологическое, социальное и экономическое значение, состояние которого определяет условия жизни на Земле.

Наиболее актуальной проблемой с приходом теплых, солнечных дней становится обеспечение противопожарной безопасности. Любая искра может привести к возгоранию, которое имеет неуправляемый характер, и распространяется с большой скоростью, уничтожая растительность, животных, близлежащие населенные пункты и людей. Пожар в лесу способен охватывать огромные территории, оставляя вместо себя оголенную мертвую землю. Он приносит громадные экономические убытки, нарушает экологический баланс и санитарную обстановку.

С наступлением теплого весеннего и летнего сезона следует запомнить основные запреты, способствующие сохранению противопожарной обстановке в лесах:

- Не бросать тлеющие спички, окурки и другие самовозгораемые материалы в кусты, на сухую листву или землю.
- Воздержитесь от разведения костров рядом с молодыми деревьями либо с залежами горючих ископаемых (торф, уголь). Под кронами деревьев это делать также опасно.
- Весь мусор уносите с собой, особенно это касается стеклянных предметов.
- Самостоятельно запрещено заниматься отжигом сухой растительности, даже на садовом участке. Об опасности пала сухой травы Вы можете прочитать в нашей статье.
- Разведенный костер не оставляйте без присмотра, и не поручайте это действие малолетним детям
- Уходя с места отдыха, внимательно осмотрітесь. Обязательно обильно залейте костер водой.
- Любое небольшое возгорание способно вырасти в крупное стихийное бедствие, которое в зависимости от последствий может нести не только дисциплинарную и административную ответственность, но и уголовную.

**В.П.ШУПАКОВ,**
**лесничий,**
**Коксуйское лесничество**

## ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

Түрлі хабарландыруларды «Жетісу шұғалысы» газетіміздің беттерінде тегін және ақылы негізде жариялауға қабылдаймыз. Анықтама телефоны: 3 - 04 - 75, +7 747 428 70 29

## УВАЖАЕМЫЕ ЧИТАТЕЛИ!

Принимаем различные объявления для публикации на страницах нашей газеты «Жетісу шұғалысы» на бесплатной и платной основе. Справки по тел.: 3 - 04 - 75, +7 747 428 70 29


Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. Газет «Дәуір» Республикалық полиграфиялық баспа кешені» ЖШС-ның баспаханасында басылады. Баспахананың мекен-жайы: 050044, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 2000
Тираж 2000
Тапсырыс 1069
Көлемі 2 баспа табақ.



Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.



Компьютерная верстка Е.ТКАЧЕНКО.